Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№34 (571)
22 тамыз,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

КІТАП ТА, КІТАП ДҮКЕНІ ДЕ КӨП

АЛ СІЗ КІМДІ ОҚЫП ЖҮРСІЗ?

«Көп оқыған көп біледі» дейміз, дегенмен саны бар сапасы жоқ кітаптардың қатары сағат сайын артып жатқан кезеңде мұнымызды «дөп оқумен» алмастыруға тура келіп отыр. Кітап санының шектен тыс артқаны сонша нені оқып, нені оқымау қажеттігі жөнінде кеңес беретін арнайы кітаптар жарық көруде.

«Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген хакім Абайдың бүгінгі ұрпағы «артық білімнен – пайдалы білімге» деп ұрандап жүр. Бәлкім, ол да дұрыс шығар... Алдына келген ақпаратты талғамай қабылдап жатқан жадымыз «қоқысқа» толып, лықсып тұр. Бәлкім, қоғамның жаппай ұмытшақ дертіне шалдыққаны да содан болар.

КІТАП ДҮКЕНДЕРІНЕН КЕРЕГІҢІЗ ТАБЫЛА МА?

Кітап дүкендеріне келуші қатарын арттыру үшін кофеханамен біріктірілді, кейін арнайы үстел ойындары да қосылды. XXI ғасыр – шудың ғасыры іспетті. Құрылыс, көршілер, отбасындағы ойын балалары... Мұның барлығы жұмыс барысында кедергі тудыруы әбден мүмкін. Дәмханаларға өз кітабыңызды немесе ноутбугыңызды алып барғаныңызбен онда сіз жаныңыз қалаған жайлылық пен тыныштықты таба алмайтыныңыз анық. Ал кафе-кітапхана – кофехананың жайлылығы мен кітапхана тыныштығын біріктіре алды. Нәтижесінде ізденуші студенттен бастап түрлі жобамен айналысатын тұрғындар осы жерден табылады.

Кітап дүкендерінің табалдырығын аттасаң, сөрелердегі мотивациялық кітаптардан көз сүрінеді. Парақтай қалсаң, қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттың сүйікті жұмысы «өзгеге ақыл айту ма?» дерсің. Себебі шетелдік коуч, психологтардан бастап отандық сала мамандарының кітабымен түйінделетін қатардан қалағаныңды табу тіпті қиын. Әдеби, көркем шығарма іздесең, аудармалар сөресінен бірақ шығасың. Ал қазақ классиктерінің ғажайып туындылары қайда?

Жан әлемін жылдар бойы танумен айналысып, өмірден өз бағытын іздеген адамдар қаптап жүр айналамызда. Адам жол таппаған соң емес, ой таба алмай адасады. Десек те «жолды білу мен жүріп өту – екі бөлек нәрсе» екенін естен шығармағанымыз абзал.

2-бетте

АСҚАР ЖҰМАДІЛДАЕВ:

АҒЫЛШЫНДА ЖЫЛҚЫНЫҢ БІР ҒАНА АТАУЫ БАР

Асқар Серқұлұлы Жұмаділдаев 1956 жылы 25 ақпанда Шиелі ауданында дүниеге келген. Белгілі ғалым және қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА-ның академигі.

Ел ағасымен ерекше сұхбат құрудың сәті түскен болатын. Жылдам сөйлесе де жаңылмай, турасын айтатын математик «Маған қисық сұрақ қой. Түзу жауап беремін» деп сөз бастады. Емен-жарқын сұхбаттасу барысында өмірі есепке арналса да адамдармен есепсіз араласатын ақжарма көңілі анық байқала түсті.

– Аға, қазақ халқының сіздің ойыңыздағыдай «идеальный» елге айнала алмай жатқанының басты себебі неде?

– Мен жиі айтып жүретін сөз бен істің алшақтығы. Ең басты себеп – осы. Айта берсең себеп көбейе түседі. Мәселен, қазақтың жақсы бір қасиеті бар. Ағайынгершілік деген. Бірақ біз оны теріс жағына аударып жібердік. Ағайындықтың негізі сыбайластық, жемқорлыққа ұласып кетті. Негізі өмірдің мақсаты – минусты плюске айналдыру. Бұл – ең ұлы математик Әл-Хорезми ұстанған принцип. Ол теріс санды сан деп мойындамаған, теріс болса оңға айналдырыңдар деген. Жеңілісіңді жеңіске, ұтылғаныңды ұтысқа, жамандығыңды жақсылыққа айналдыр. Бірақ біздің плюстеріміз минусқа айналып бара жатыр.

3-бетте

НҰРГҮЛ СИХАНОВА:

ЕЛІМІЗДЕ БАСҚА ЕШ ЖЕРДЕ ЖОҚ ҚҰС ТҮРЛЕРІ КЕЗДЕСЕДІ

Азаттықтың символындай болып, көк аспанда еркін қалықтайтын құстар әлемі қашанда қызық тақырып. Дегенмен Қызылордада құстар өмірін зерттейтін орнитолог ғалымдар көп емес. Солардың бірі – биология ғылымдарының кандидаты Нұргүл Сиханова.

Сыр өңірінде қандай құстар мекендейді? Оларды зерттеудің ерекшелігі неде? Жастар орнитология саласына қызыға ма? Бұл сұрақтардың жауабын білмек үшін ғалыммен арнайы әңгімелестік.

– «Урбанизация жағдайындағы жыртқыш құстардың экологиясы» тақырыбындағы жобаңыз гранттық қаржыландыруға ие болғанымен құттықтаймыз! Жоба туралы толығырақ айтып беріңізші... Біздің аймақта қандай жыртқыш құстар бар? Оларға климаттық өзгерістер, урбанизация қалай әсер етуде?

– Құттықтауыңызға рақмет! Жоба сарапшылардың 5 кезеңнен құралған елегінен сүрінбей өтіп, ғылым комитеті тарапынан қаржыландыруға мақұлданды. Жобаның мақсаты – Қызылорда қаласы аумағындағы жыртқыш құстардың уақыт пен кеңістіктегі сандық және сапалық құрамын анықтау. Сондай-ақ оларға антропогендік қысымның әсері мен қалалық ландшафттарға сұңқартәрізділердің бейімделуін де зерттейміз.

Аймақтағы жыртқыш құстарға келетін болсақ, кез келген тіршілік иесі секілді авифауна өкілдері де қоршаған ортаның, қорек қорының жағдайына сәйкес ұзақмерзімді эволюция үдерісінен өтеді. Соның нәтижесінде жазық даланы немесе орман мен сулы-батпақты шалғынды мекендейтін құстардың түр-сипатында, қауырсынының өлшемдері мен түсінде едәуір айырмашылық болады. Бұл олардың дене тұрқының үлкен немесе кіші болуына әсер етеді.

5-бетте

ЖАТАҚХАНА ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

2-бетте

«ДЕТСКАЯ ТРАВМА»: ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН БИЗНЕС ПЕ?

Балғын бала шақты еске түсіретін «тыртықтың» ізі көбінде бар. Сәби кезеңде жанарыңды жасқа толтырса да, кейін жылы естелікке айналады.

Мамандар «Балалық шақтағы психологиялық һәм эмоционалдық жарақаттар өмір бойына із қалдырып, адамның жан дүниесі мен болашағына әсер етеді» дейді. Терминмен сөйлесек, бұл қазіргі психология мен ақпарат алаңының трендіне айналған – «детская травма» ұғымы. Расымен, кейінгі жылдары бұл жағдай қоғам арасында сараланып, алдыңғы қатардағы мәселеге айналғандай. Демек бұл психологиядағы маңызды феномен бе, әлде уақытша қалыптасқан ұғым ба?

Аға буын өкілдері қандай қиындықтан өтсе де неліктен балалық шағын қимастықпен еске алады? Ал қазіргі буын не үшін «қит етсе» бұл – менің «детская травмам» деуге бейім?

4-бетте

Басы 1-бетте

КІТАП ТА, КІТАП ДҮКЕНІ ДЕ КӨП, АЛ СІЗ КІМДІ ОҚЫП ЖҮРСІЗ?

Туындысы мен тағдыры кереғар

Жазған шығармасы немесе зерттеу тақырыбы өз өміріне мүлде кереғар тұлғалар әлемде толып жатыр.

«Бақытты өлең жазшы дейді көп адам,

Өзі бақыт таппай жүргендіктен де...» – дейді ақын Жадыра Байбұланова. Бәлкім, олар өз өміріне жетіспейтін құндылықтарды өзгеге түсіндіру барысында жан қалауын тауып, ғажап әсерге бөленетін болар. Ол жағы бізге беймәлім.

Мәселен, 2013-жылы АҚШ-тың Флорида штатында жаға ұстатарлық оқиға болды. Отбасындағы ер мен әйелдің қарым-қатынасын сақтап қалу жөнінде зерттеу жүргізіп, кітап жазған Дерек Медина есімді 31 жастағы жазушы жігіт өзінің әйелін атып өлтірген. Сонымен қатар жансыз мүрдені фотоға түсіріп, әлеуметтік желіге жазба жариялаған көрінеді.

Сондай-ақ, «Көп дос табу және айналадағы адамдарға жағымды әсер қалдыру» кітабының авторы Дейл Карнегидің тұтас өмірі жалғыздықта өткен. Ал балалардың сау ойлау жүйесін қалыптастыру мен сәбилерге күтім көрсету жайлы еңбектің авторы Бенджамин Скопты өзінің балалары қарттар үйіне өткізген.

Мария Монтессоридың есімі жас аналар мен педагогтарға жақсы таныс. Сәбилі аналарға «Алғашқы күннен» атты еңбегін ұсынып, ұстаздарға баланың ішкі потенциалын ояту жөнінде зерттеулер жазған жазушы өз туған баласын өзге отбасының асырап алуына берген. Айтуынша оның миссиясы – басқа балаларды дамыту көрінеді.

Сонымен қатар «Бақыт баяндамасышы» аталып кеткен Оңтүстік Корей елінің тумасы Чхве Юн Хи ғұмырының соңына дейін «бақытты болу» жөнінде 20 кітап жазып қалдырған екен. Жағдайдың жаға ұстатарлығы, өмірді сүю мен бақытты болуға насихаттаған автор түбінде өз-өзіне қол жұмсап көз жұмды.

Кітапханада кімдер бар?

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі. Қызығы қылмыстық оқиғалардың күрт артуы мен төмендеуі де дәл осы жас буынның бос уақытына тікелей байланысты көрінеді.



Мәселен, Түркия Республикасы Президентінің Ұлттық кітапханасы мемлекет басшысы Режеп Тайып Ердоғанның бастамасымен ел астанасы Анкара қаласында 2020 жылы ашылды. 5500 адамдық алып кітапхана ішінара «жастар кітапханасы», «балалар кітапханасы», «оқу залдары», «зерттеу жұмысы кітапханасы», асхана, кітап-кафе, конференция залы, қосымша білім залдары, іс-шара ұйымдастыру залдарын қамтиды. Ерекшелігі бұл кітапхана 24 сағат үздіксіз жұмыс жасайды екен. Кітапханаға кез келген адам, тіпті шетелдік қонақтар да кіре алады және тіркеле отырып, бір жылдық оқырман билетін иеленуіне де мүмкіндігі бар.

– Мұнда асхана қызметі 24 сағат жұмыс істейді. Кітапхана тарапынан шай, кофе, су тәулік бойы тегін ұсынылады. Сондай-ақ 12.00-14.00 аралығында түскі ас, 18.00-20.00 арасында кешкі ас беріледі. Ал түнгі 00.00 мен таңғы 08.00 арасында кез келген қонаққа тәттілер тегін ұсынылады. Бірінші қабатта 166 кісілік асхана, екінші және төртінші қабатта 128 демалу орны, 6 қабатта 408 адамдық асхана, 74 кісілік тәттілер алаңы, 74 кісілік демалу алаңы бар. Сондай-ақ балалар кітапханасына қарасты бала қарау бөлмесі, тіпті намазхана да қарастырылған. Қағаз басып шығару құрылғысын (принтер) пайдалану тегін.

Кітапхана адамға 24 сағат лық толы. Әсіресе магистранттар мен докторанттар апталап қона-жатып зерттеумен айналысады. Демалу бөлмелелері де бар. Кітапхана қорында жалпы саны 4 миллионнан астам кітап коллекциясы мен 20 миллион мақала сақтаулы, – дейді Анкарада білім алып жүрген жыршы жерлесіміз Малика Алдамжарова.

Түркия президенті Ердоған аты әлемге әйгілі алып кітапхананың ашылу салтанатында былай деген болатын:

– Бұл – менің балалық шағымдағы алғашқы арманым. Сегіз томдық кітапты сатып алу үшін апталап жұмыс істеген хикаямнан бастау алды. Сол кітаптарға қарасам кітапхана арманын құрған бала есіме түседі. Ол кітаптар қазір менің кітапханамның төрінде тұрады. Беттерін ашқан сайын балалығымның, анамның иісі аңқиды. Адам – армандай білгенде ғана адам. Жас достар, сіздер де болашақ кітапханаларыңыз және өлкеміз үшін армандай біліңіздер! – деді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда дәл осындай тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашқысы келетінін мәлімдеді. Сондай-ақ мемлекет басшысының тапсырмасымен биылғы жаз айы басталғалы өңіріміздегі кітапханалар жүйесінде де бірталай өзгеріс болды. «Түнгі кітапхана» жобасы аясында облыс орталығынан бастап, ауыл-аймақтардағы кітапханаларға дейін түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, аталған жоба өз деңгейінде жүзеге асырылуда. Бірақ... «бірақ» дейтін тұстары өте көп.

– Біздің басты кемшілік «Түнгі кітапхана» жобасын дайындықсыз бастағанымыз. Қосымша мамандар керегін ескермей, бұрынғы құраммен кірісіп кеттік. Бұл негізі үлкен жауапкершілік, мамандарға әжептеуір салмақ болғаны рас. Көпшілікпен жұмыс жасау оңай емес. Шаршайды. Бастысы осы кадр мәселесіне бөлінетін қаражат көлемін молайтып, адам санын арттыру керек деп ойлаймын, – дейді кітапхана маманы.

Кітап – ең сабырлы ұстаз. Пенде баласының бойына парасатты пайым қалыптастырып, рухани құндылық дарытатын ұлы ұстаздың орнын өзге дүние алмастыра алмасы хақ. Қазір кітап жазу да, оны басып шығару да оңай болып кеткендей. Ал сіз кімді оқып жүрсіз?

Аружан ОРАЛБАЙ

ЖАТАҚХАНА ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Оқу жылының басталуына сәл ғана уақыт қалды. Студенттер де жатақханаға тіркеліп, университетке дайындалу үстінде. Бүгінде оқу жылының басталуына орай пәтер құны да шарықтап үлгерген болар. Жатақханада орын жетіспеушілігінен үй жалдап тұруға мәжбүр абитуриенттер енді не істемек?

ШӘКІРТАҚЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Жатақхана жайын жазбас бұрын студенттерге берілетін шәкіртақыға назар аударуды жөн көрдік. Себебі, жайлы қонысқа орналасып, алаңсыз білім алу үшін де қаржылық жағдай тұрақты болуы керек. Бірнеше жаңалық агенттігі жарыса жазып, шәкіртақының көбейгені туралы ақпарат естіген де едік. Көп студент бұған қуанғаны рас. Өйткені олардың бірі жатақхана берешегін, ал бірі пәтерақысын осы стипендиядан өтейді. Осы орайда Қазақстандағы ЖОО-ның шәкіртақы құнымен бөлісе кетейік.

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап колледждер мен ЖОО студенттеріне арналған стипендияларды арттыруды көздейтін ҚР Үкіметінің қаулысына қол қойды. Колледж студенттері үшін шәкіртақы 50%-ға артып, ал өзге мамандықтарға 43 574, орта буын мамандары үшін 41 896 теңгені құрады. Бакалавриат студенттерінің стипендиясын ұлғайту 20%-ға артады, яғни 47 135 теңгеге дейін, ал педагогикалық және медициналық бағытта білім алушылар стипендиясы 75 600 теңгеге дейін ұлғаяды. Интернатурада оқитындарға стипендия 85 376 теңге, ал резидентурада білім алатындарға 123 122 теңге көлемінде төленеді. Магистранттар мен докторанттарға стипендия тиісінше 15%-ға артып, 107 061 теңгеге және 240 000 теңгеге көбейеді.

Елімізде биыл 186 мың оқушы түлек атанып, оның 112 мыңына тегін мемлекеттік грант қарастырылды. Көп оқушы Алматы, Астана секілді мегаполиске оқуға түсуді армандайды. Алайда ондағы өмір сүру құнының қаншалықты қымбат екенін ойластыра бермейді. Мемлекеттік грантты ұтып алған күннің өзінде оның бір бөлігі жатақхана шығындарын төлеуге кетеді. Ал кемі 40 мың алатын студент үлкен қалада бұл ақшаны қалай жеткізеді? Жылда бұл сұрақ көтерілсе де, мардымды жауап жоқ. Пәтер бағасы неге қарыштайды? Нарықтағы үй жалдау бағасына шектеу қойыла ма? Бұл тек уақыт еншісіндегі сауал...

Абитуриенттердің бәрі бірдей грант ұтып алмайтыны анық. Яғни, кейбір студент сапалы және жан-жақты білім алу үшін өзге қалада ақылы түрде болсын білім алуды қалайды. Ал Қазақстандағы ЖОО-да ақылы оқу құны айтарлықтай жоғары. Мәселен, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі бір жылдық оқудың құны 1 млн - 1 млн 600 мың теңге, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде 1 млн 140 мыңнан бастап 1 млн 330 мың теңгеге дейін, ал қалған ЖОО-ларда оқу үшін кем дегенде 500 мың теңгедей қаражат қажет.

– Қалаға келгелі бері жатақханада тұрған жоқпын, тұру ойымда да болған жоқ. Жатақханаға мін тақпаймын, бұл өз көзқарасыма байланысты тоқталған шешім.



Пәтер жалдауды құп көрдім. Екі жыл бұрын үйді бір айға жалға алу құны 65 мың теңге болды, оның үстіне туысқан әпкемдікі еді. Ол үйін сатуына байланысты қонысымды тағы ауыстырдым. Айына 85 мың теңге төлеп тұрдым. Алатын шәкіртақы 54 мың екенін айта өтейін. Бұл – Қызылордада экологияға байланысты берілетін қосымша төлемақымен қосқандағы қаржы. Еліміздің орталық қалаларында мұндай жеңілдік қарастырылмаған, ал сол жаққа оқуға кететіндердің саны көп. Пәтер бағасы күн өткен сайын көтеріліп келеді. Алайда бұл құбылысқа екі жақты көзқараспен қараймын. Сұраныс артқан сайын баға да көтеріле түседі. Бұл – заңдылық. Қазір инфляцияға байланысты бағасы тұрақтап тұрған зат жоқ. Халықтың орта статистикалық табысымен бағаның өсімі де қатар жүретіні айқын, – дейді студент Хақназар Қасымхан.

ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ

Түлектердің баспанасы жылда көтерілетін өзекті тақырып. Мыңдаған студент ауылдан қалаға келіп, өмірдің өздері білмейтін тұсына үңіледі. Жатақхана – жаңа орта, жаңа достар. Тәрбиесі бөлек түрлі жанның бір ортада тоғысатын мекені. Бірі білікті маман болу үшін бас алмай сабақ оқиды, ал бірі университеттің белсенді студенті атанады. Оқудың алғашқы жылы жатақханада тұрып көру арқылы әркім өз бағытын таңдайды. Оған қоса, пәтер құны шарықтап тұрған шақта жатақханада тұру ең ұтымды шешім. Алайда жатақхананың бәріне бірдей жетуі мүмкін емес. Өйткені әлеуметтік желіде биылғы студенттерге жатақхананың жетпей жатқаны туралы да ақпарат шығып үлгерді.

Бүгінде ЖОО-ға басқа қаладан оқуға келетін түлек көп. Себебі сапалы білім алып, білікті маман болғысы келеді. Соған байланысты жатақханаға да сұраныс жоғары. Қазақстанда 380-ге жуық студенттік жатақхана жұмыс істейді. Оның көбі кеңестік кезеңде салынғандықтан жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Дегенмен барлық ниет білдірушілерге жеткілікті орын жоқ. Өткен оқу жылында 24 мыңға жуық студент жатақханадан орын ала алмады. Бұл мәселе әсіресе, Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды және Қостанай облыстарында туындады. Тіпті алматылық студенттер орын жетіспеушілігіне байланысты хостелдерге орналастырылды. Жатақханада тұру бағасы өңірге және ЖОО-ға байланысты айтарлықтай өзгереді. Айына 4 мың теңгеден 90 мың теңгеге дейін жайлылық деңгейіне байланысты әр түрлі болады.

– Маған жатақханадағы өмір ұнайды. Жылына 50 мың теңге төлеймін. Жағдай жақсы қарастырылған. Студенттер кезекшілік арқылы жатақханада тазалық шараларының сақталуын қадағалайды. Ең қолайсызы, ол – жатақхананың уақыты. Яғни кешкі 9-да сыртқы есік жабылады. Сондай-ақ тоқ розеткалары аз. Байланыс құралы мен техникаларды қуаттау үшін орталық дәлізге барамыз және телефонды ұрлап кетпеуі үшін жиі қадағалаймыз. Бұл өте ыңғайсыз, – дейді колледж студенті Назерке Тынысбек.

АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ ҚАЛАЙ?

Өңірдегі ең ірі жоғары оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті. Мақаланы жазу барысында университет жатақханасы туралы ақпарат сұраттық. Білім ордасының балансында – №3 (260 орын), №5 (400 орын) жатақханалар бар. Сонымен қатар әріптестік негізінде келісімшарт арқылы «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын жеке жатақханалардан 680 орынды пайдалануға келісім жасалған. Ашып айтатын болсақ, 2024-2025 оқу жылында «ДилМаш» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт негізінде 350 орындық, «Өркениет» 150 орындық және «Инкар 7» 180 орындық жатақханалар студент игілігіне берілді. Университеттің №3 және 5 жатақханаларында жөндеу жұмыстары жүріп, пайдалануға берілді. Жалпы жұмыс жасап тұрған жатақханалардағы орын саны – 1340. Бүгінде жатақханаға жолдама алған білім алушылар саны 800 түлекті құрайды. Еске сала кетейік, өткен жылы Қорқыт ата университетінде 10 мыңнан астам студент білім алды.

– Студенттік өмірімнің басталғанына 3 жыл болды. Қалада үй жалдап тұрамын. 1 курстың алғашқы семестрінде жатақханаға орналастым, алайда көзқарасы әртүрлі адамдармен бірге тұру қиын болды. Оның үстіне жатақхана көпшілік ортасы болғандықтан сенен де «көпші» болуды талап етеді, бірақ бұл да қажытады. Мемлекеттік грантты ұтып, бірақ үлгеріміме байланысты шәкіртақыдан қағылдым. Оқуды жалғастыру үшін үй жалдап тұрдым, ата-анам көмектесті. Өзім де жұмыс істедім. Әрине, оның оқудағы үлгеріміме кері әсері тиді. Қаланың қызу өміріне үйреніспеген мен үшін оқудың алғашқы жылы біршама қиындықтар туғызды. Пәтер құны 100 мың теңге, әлі күнге дейін осы баға. Мен қала өміріне дағдыланған соң бұрынғыдай ауыртпашылық сезінбеймін, десе де тұрақты жұмысы жоқ студент үшін оны өтеу қиын, – дейді студент Асия Бағдатқызы.

Қорытындылай келе, бұл сауал студенттің ғана емес ересектердің де бас аурына айналған тақырып. Күз жақындаса пәтер бағасы құбылып, қарыштап шыға келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, баспананы жалға алу құны өткен жылға қарағанда 5,2%-ға қымбаттаған. Өсу динамикасы байқалған үштікте Қызылорда қаласы да бар, оның көрсеткіші 7,1%-ды құрайды.

Студенттер үшін бұл біршама ауыртпашылық. Алматы Астана қалаларында пәтер жалдау құны 180-250 мың теңге аралығында. Ал студенттің шәкіртақысын жоғарыда атап өттік, мұндай қаржыны бірден төлеуге жеткіліксіз.

Қорлан САРЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №103 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай ақ «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №04-9/4 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелерінен және мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі мекенжайындағы жалпы көлемі 2102,28 (екі мың бір жүз екі бүтін жүзден жиырма сегіз) шаршы метр жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті темір жол арқылы жер асты автокөлік өткелін салу мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 29 қараша болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласынынауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

Постановление акимата города Кызылорда №103 от 20 августа 2024 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорда Кызылординской области», а также рассмотрев письмо государственного учреждения «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» №04-9/4 от 5 января 2023 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков или недвижимого имущества общей площадью 2102,28 (две тысячи сто две целых двадцать восемь сотых) квадратных метров для государственных нуждв связи с изъятием для строительства железнодорожного путепровода у собственников и негосударственных землепользователей, расположенные по адресу: город Кызылорда, улица Жанкожа батыра, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Датой принудительного отчуждения определить 29 ноября 2024 года.

3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков или негосударственных землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда **Н. Ахатов**

Басы 1-бетте

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ:

АҒЫЛШЫНДА ЖЫЛҚЫНЫҢ БІР ҒАНА АТАУЫ БАР



Жемқорлық және түрлі жағымсыз жайттар белең алып барады. Неліктен? Өйткені халық қолдап отыр. Осыны байқайсыз ба? Халық қолдамаса ол қайдан шығады? Мысалға Ұлттық біріңғай тестілеу бар, жылына төрт рет келетін емтихандар бар. Сол кездері жұрттың барлығы мені іздей бастайды. Соған таңғаламын. Ондайда мен қашып кетем. Телефоным да жоқ. Тығылып қалам. Ешкім таба алмайды. Басқа уақытта ешкімге керегім жоқ. Сондағы мақсаты емтиханға көмектес. Түсіріп жібер, өткізіп жібер. Былайша айтқанда «заңды бұз» деген сөз. Бұл қазақтың қанына әбден сіңіп қалған. Оны байқамайды. Неліктен ойланбайды? Мен республиканың азаматымын. Заңды бұзу міндетім емес, бұзбаймын да. Неліктен адамды қылмысқа итермелейді? Жемқорлықты өзіміз әкеледі, өзіміз жасаймыз. Бірақ бұл тек қазаққа ғана тән кемшілік емес. Басқа ұлттарда да бар дүние. Дегенмен ақылды халық өзінде бар кемшілікті мойындай білуі керек. Тек қана мойындамай, соны жөндей білуі қажет. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ осындай кемшілігі бар екенін біліп, қатесін түсініп, өзін өзгерту жағына әрекет етуі тиіс.

– Жастардың шетелге жаппай кетуі осы жемқорлықтың салдары деп ойламайсыз ба?

– Қазақ жастарының шетелге кетуінен трагедия жасаудың керегі жоқ. Әл-Фараби ғылымын қайда жасаған? Қазақстанда тұрған, бірақ ғылымды Мысырда, араб жерінде жасады. Бұл нені білдіреді? Демек ғылымның басқа жерге баруы, ғылымның тереңдік іздеуі заңдылық. Ғылымға ғылыми орта керек. Ғылымның сөзін түсінетін адам керек. Оны Абай да айтады. Одан қазақ кемиді, әрине. Бірақ қазақта не кемімей жатыр?..

– Абай ақынның айтқан ақылына жиі арқа сүйейсіз. Ал қалың қазақ оның даналығына құлақ асып жүр ме? Жалпы ақын-жазушылар мен рухани байлықтың құнын қалай бағалайсыз?

– Жасырып-жабатыны жоқ, көбі құлақ аспайды. Абайдың ұлылығы оның ақындығында емес, ақылдылығында. Мен үшін Абай ең алдымен логикасы түзу, қисынды қазақ. Осы үшін құрметтеймін. Өйткені айтқан сөзінің барлығы ақылдан шығады. Ақылдан шыққан сөз жүрекке жетеді. Абай деген кісінің жүз жыл бұрын айтқандары нақ осы күні айтылғандай, актуалды дүниелер. Айырмашылық тек бірақ нәрседе. Абай компьютер, интернет, ұшақ дегенді білмеген. Мен тек Абайдың сөзін Мұқағали айтқандай «Шекпен киген қазақтың қара өлеңін, шапан жауып, өзіне қайтарамын». Мен тек Ибраһим Құнанбайұлының сөзіне компьютер, интернет, ұшақ секілді сөздерді қосып қайтарамын. Бірақ сол сөздерді ұғып жатқан адам бар ма, жоқ па, ол жағы беймәлім.

Қазіргі таңда Дулат ағамыз да қазақтың мықты жазушысы. Бірақ қазақтың арасында жасағандықтан қадірі азырақ білініп тұр. Неге? Өйткені жапонның «Toyota», «Sony»-і, компьютері мықты. Жапондық сапа, жапондық іс дейтін ұғым бар. Дүниеде олар жасаған өнім жайында «бұл керемет, сапалы» деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан жапон болғандықтан да Муракамиді мықты жазушы деп таниды. Егер қазақтар да мықты компьютердің түрін ойлап тапса не бір автокөліктерді жасайтын болса, онда бізге де қатысты осындай түсініктер қалыптасар еді. «Қазақ ісі», «қазақы сапа» деген ұғым пайда болады. Бұл сапаның басқа да салаларға септігі тиеді. Сонда барып Дулат ағамыздың аты әлемге танылар еді.

– Сонда қазақ жазушыларының абыройын технократтар ғана биіктете ала ма?..

– Иә! Енді біреулер айтады: «Технократтық болмасақ та дүниеден құрып кетпейміз» деп. Бұл да рас. Құрымаймыз. Бірақ дүниеде елдің екі түрі болады. Жетекке жүретін ел және жетектейтін ел. Мысалға, АҚШ, Ұлыбритания, Жапония сияқты елдердің басты мақсаты – керемет компьютерлерді шығару да, өзге елдердің мақсаты – солар шығарған компьютерлерді сатып алу. Қысқаша айтқанда, олар өндіруші ел де, қалғанының барлығы солардың өнімін тұтынып, жетегінде жүретін елдер. Бұл дегеніміз экспансияның жаңа түрі. Оны былай түсіндірейін. Мысалға, сіз айтқан рухани байлықты алып қарайық. Бұл мәселе Жапонияда болуы мүмкін. Жұрттың барлығы технократ болып кетті, рухани құндылықтар құлдырады деп ол жақта біреулер мазасызданыуы мүмкін. Ал бізге не керек ол? Мықты елдер айтады: «сен менің тауарымды сатып ал, міндетің сол. Қалған уақытыңды рухани байлық қайда кетті, тілдің халі негі мүшкіл деп өткізе бер. Осыны анықтау үшін жиналыс жаса, конференцияларды үзбей өткіз, даулас, таласқа түс, ойбайға сал. Бірақ біреуің «гайка» бұрама, біреуің компьютер шығарма, көлік құрастыруды үйренбе. Мұның барлығын сен бізден алсаң болады» дейді. Өкінішке қарай, біздің зиялы қауым осыны түсінбей отыр. Бұл – қазаққа өте қауіпті нәрсе. Тағы да айтам. Қазақ қазақ болып қалуы үшін ең алдымен технологиялық және технократтық жетістікке жетуі керек. Мұндай жетістік болатын болса, келешек ұрпақтың өзі мұны мақтаныш тұтады.

Әніңізді, күйіңізді сақтаңыз. Жеті атаңызды білу дәстүрін дәріптеңіз. Осының барлығын сақтай отыра, жаңа заманға бейімделіп, технократтық елге айналыңыз. Сонда ғана қазақтың болашағы болады.

Кез келген математик махаббат туралы өлең жазып бере алады. Оның сапасы нашар, деңгейі төмен болуы мүмкін. Ол – басқа мәселе. Ал кез келген ақын есеп шығарып бере алмайды.

– Демек сіз де өлең шығара аласыз ғой…

– Әрине өлең жазамын. Менің поэзияға көзқарасым дұрыс. Сыр елі – жыр елі болғандықтан жанымыз қалап тұрады. Өнер мен өлең адамды тыныштандырады. Әсіресе поэзия оқып, күй тыңдағанды жаным қалайды. Сол үшін бе екен «Мәскеудегі домбыра» деген өлең жазып шыққанмын.

– Жан сезім ұшардай боп әрең тұрар,
Синустар өзгелерден сәлем сұрар.
Алайда домбырамен кездескенде,
Иіліп домбыраға сәлем қылар.
Синустармен достасып бірге жүрдім,
Досыммен бірге жылап, бірде күлдім.

Синустар косинуспен ұйқасқанда,
Өлеңнен кем шықпасын бірден білдім.

Поэзия мен математиканың түбі бір. Екеуі ағайынды. Омар Хаям деген кісіні алыңыз. Ақын ба, математик пе? Жұрттың бәрі ақын дейді. Ал негізінен ол – математик. Бірақ оның атын шығарған математикалық еңбегі қайсы десеңіз, ол үшінші дәрежелі теңдеудің шешімін тапқан. Оны мен білем, бірлі-жарым адам біледі. Басқа ешкім білмейді. Ал Омар Хаям айтыпты дейтін рубаяттарды бәрі біледі. Бірақ бұл оның математиктігі кем деген сөз емес. Өйткені әр нәрсенің өзінің дәрежесі, саласы бар. Жұрттың бәрі поэзияны біледі, құмартады. Ол – жақсы. Себебі оны түсіну оңай. Ал математиканы түсіну оңай емес. Бірақ екеуінің ойлау, сезу әдісі бірдей.

– Рақмет, аға! Өлеңіңізден де есептің лебі есіп тұрады екен. Осы тұста айтыңызшы, марапатпен маталып, даңқ пен дақпыртын асырып жатқан ғалымдарға не дейсіз… Өзіңіз сый-сияпатқа қаншалықты қызығасыз?

– Аға аралап, есік жағалап, сыйлық сұраған емеспін. Бірақ берсе, ала беремін. Сыйлық пен атақ менің мінезіме аса қатты әсер ете қоймайды.

Біз мән беретін мәселе басқа, бөлініп жатқан қазақты қазақтың жетістігі ғана біріктіре алады. Бір ағамыз «Жылқының 3400 атауы бар» деп диссертация қорғады. Ағылшында бір ғана атауы бар – Horse. Сонымен жылқының жасын да, түрін де, түсін де атай береді. Сол сөздерімен-ақ әлемде алға шығып кетті. Ал біз жылқының 3400 атауымен әлі жүрміз. Біз енді ғылым жағына көбірек көңіл бөлейік. Жоқ сөзді, ғылымды, технологияны өзіміз табайық. Қазақ тілін ғылымға араластыруымыз қажет.

Бүгінде қазақта не көп, ғылыми атағы бар адам көп. Бірақ бұл ғалым көп деген сөз емес. Өкінішке қарай, осындай нәрселер тек ғылымда десеңіз, қателесесіз. Мысалы, таза математикке берілетін сыйлық бар. Бірақ оны ешкім білмейді. Ал «Нобельді» барлығы біледі. Нобель деген кісі тек қана ғалым емес, ол мықты бизнесмен ғой. Ішіне әдебиетті кіргізіп қойып, керемет мықты маркетингтік жүріс жасады. Әдебиет жүрген жерде ылғи шу, дау-дамай, ұрыс-керіс секілді тегін жарнама жүреді. Ол сонысымен де даңқты сыйлыққа айналып шыға келді.

Қазір ақылды, сыйлыққа лайықты адамдар азайған жоқ, керісінше, ақылды жастарды ұғатын шалдар азайып кетті.

– Есеп пен есек сіз үшін егіз ұғым екен. Математиканы не үшін есекке теңедіңіз?

– Математика – қиын ғылым, оған жұрттың бәрі бармайды. Біріншіден, жүрегі дауаламайды. Екіншіден, қызық емес деп ойлайды. Шындығында математикада шабыт пен әдемілік, ой бар. Бірақ оны түсіну оңай емес.

Әр адам өзі таңдаған бағыт бойынша жүреді, сол бағыттың төңірегінде ой толғайды, тон пішеді. Ең бірінші кезекте адалдықты жоғары санаймын. Менің жеке туым болса, туға есектің басын бейнелейтін едім.

Неге десеңіз, адамзатқа ең көп пайда әкелген жануар – есек. Отын-суды, тезекті де тасиды, қара жұмыстың бәрін істейді, бірақ жұрттың бәрі есекті сөгеді де жүреді. Математика да дәл сондай. Елге ең көп пайда әкелетін де, халықтың зәресін алатын да – математика. Сол үшін мен оны кей кезде есекке теңеймін. Есектің еті харам, ісі адал.

– «Харам» деп қалдыңыз. Діншілсіз бе?

– Негізінен дін жағына көп барғым келмейді. Себебі қазір жұрттың бәрі діндар. Жұрттың бәрі ақылман. «Халтурщик» дегенім не? Кешегі арақ ішкен адамның бәрі бүгін молда болып отыр. Кешіріңіз, мұны екіжүзділік дейді. Қазір қарасаңыз біреу ана дінге, мынау басқа дінге кете салады. Ыңғайына қарай. Ол болмайды. Одан да тыныш қана өзіңнің жұмысыңды істеп жүре бер. Мысалы, мен діндарлардың арасына барып ақыл үйретіп отырған жоқпын ғой. Олар маған ақыл үйретеді. Бірақ мен олардың ақылын тыңдамаймын, ешкімге ақыл айтпаймын. Бұрын арақ ішіп, қазір елге ақыл айтса, олар «халтурщик». Сосын, қазір жаназа дегеннің соңы банкет болып кетті. Жұрт тамада сайлайтын болды. Сосын молдасымақ біреу жұртқа ақыл айтады. Оның не керегі бар?

– Оқырманға айтар тілегіңіз…

– «Сыр елі – жыр елі» дейді. Осы сөз жалғасын тапса екен. «Сыр елі – білім мен ғылым елі» деп айтылар күн келсе деп тілеймін.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!



Сұхбаттасқан
Айдар САЙЛАУОВ

Басы 1-бетте

«ДЕТСКАЯ ТРАВМА»:

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН БИЗНЕС ПЕ ?

Ата-анамен қарым-қатынастың психологиялық жарақатқа қандай әсері бар?

Жалпы адам баласы үшін ата-ананың мейірімі мен махаббаты әлемнің негізін құрайды. Сол себепті баланың өсу, қалыптасу жолында олардың қарым-қатынасы басты рөл атқарады. Психологтардың айтуынша, «детская травма» көбіне ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктен, дұрыс емес қарым-қатынастан туындайды. Бұл тізімге тағы не жатады? Отбасы мүшелерінің қатыгездігі, немқұрайлылығы, эмоционалды қолдау көрсетпеуі, тұрақсыздық және қоғамдағы теріс әсерлер. Тізбекті әке мен ана арасындағы шексіз дау-дамай, ажырасу, баланың қажеттіліктерін елемеу, мектептегі буллинг, достар арасындағы қақтығыстар жалғастырады. Нәтижесінде балада сенімсіздік, өзін-өзі төмен бағалау, өмірге деген теріс көзқарас қалыптасады. Тиісті қолдау мен дұрыс қарым-қатынас болмаған жағдайда, мұндай бала ересек өмірде де түрлі қиындықтармен күресуде әлсіздік танытатынын психологтар жиі айтып жүр. Мұндай жарақаттардың ең ауыр түрі балалық шақта қалыптасады және көбіне отбасындағы зорлық-зомбылықпен тікелей байланысты. Ал психологияда балалардың жарақаттары бес түрге бөлінеді.

− Балалық шақтағы психологиялық жарақаттар – адамның өміріне әсер етіп, оның мінез-құлқы, эмоционалдық жағдайын қалыптастыратын ауыр тәжірибе. Мұндай жағдай отбасындағы, қоршаған ортадағы факторлардың салдарынан туындайды. Бала кезде алған жарақаттар ересек өмірде депрессияға, үрейге немесе жақын қарым-қатынастардағы қиындыққа алып келуі ықтимал. Психологиялық тұрғыдан алғанда балалардың өз психологиялық жарақатын тануы және қабылдауы өте маңызды. Оны емдеу үшін терапия, өзін-өзі тану және эмоцияларды дұрыс бағытта пайдалану қажет. Ең бастысы, балаға қолдау көрсетіп, оның қауіпсіз ортада өсуіне жағдай жасау – болашақтағы эмоционалдық тұрақтылықтың кепілі, − дейді маман Әсел Мәди.

Күнделікті тіршілік пен жұмыстың ортасында жүрген ата-ана баласына айтқан кей сөздеріне мән бермейді. Мәселен үйіне шаршап келген әйел асығып тамақ әзірлеуге кіріскенде баласы келіп енді ғана «Анашым» дегенде барлық эмоциясы мен күйзелісін жасыра алмаған анасы агрессиямен үн қатады. Шынымен өзіміз де кейде басқаларға дөрекі жауап бергенімізді байқамаймыз. Бұл баланың болашағына әсер етуі мүмкін. Сол секілді абайсызда айтылған «Ой қойшы, сен сурет сала алмайсың, одан да барып ыдыс жу» деген сөз де баланың санасында қалып қояды. Оның қалауын ескермеу яки елемеу де қалыпты жағдайға айналған секілді. Мәселен, баланың қарны тоқ, киімі бүтін болсын деп ата-ана демалыссыз жұмыс істейді. Бұл жағдайда алдымен балаға толыққанды махаббат пен назар жетіспейді. Ал нәтижесінде баланың қалауын тыңдамау процесі жүреді. Мектепте болған қызық оқиғаны айтуды немесе ертең дүкенге бірге баруды қалайтын бала анасынан «Мен шаршап тұрмын. Кейін айтасың» деген жауап естиді. Салдарынан балада жалғыздық сезімі пайда болады. Кейбір отбасында «ұрып-соғу баланы жақсы тәрбиелеудің құралы» деген тұжырым бар. Соның әсерінен жасөспірімнің қатесін түсіндірмей, ұрсу мен қол көтеру жиі кездесетіні рас. Бұл жағдайды қоғамдық орында да, дүкендерде де байқап қаламыз. Мұндай қысымда өскен бала әр әрекетіне күмәнмен қарайтын болады. Өз ісінен шикілік іздеп, үрей мен сенімсіздік, сондай-ақ жалтақтау сезімдерін бойына еріксіз жинайды.

Психолог маман Адия Аралбай өз блогында:

− Адам есейіп, үлкен өмірге қадам басқанда өмірінде ақ пен қара күндер өтеді. Осы сәтсіздікке толы күндердің барлығына үңілсек, көбіне оның астарында балалық жарақат өте көп. Өзінің психикалық ойы қалыптаспаған, нақты өмірлік жолын білмейтін балаға, жасөспірімге айтатын әр сөздің рөлі бар. Мәселен, «Сенің қолыңнан түк келмейді» деген сөздің әсерінен 92 пайыз адам психологиялық «травма» алып жатыр, − деген еді.

Бұл жарақат ата-анадан бөлек адамдардың да іс-әрекетінен пайда болады. Жоғарыда атап өткен буллингтің әлемдік статистикасында 150 миллион бала бар. Бұл физикалық агрессия ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау әрекеттері, яғни әлімжеттік. Мұндай типтегі қорлау балалардың психологиялық жарақат алуына әкеледі.

Әлемге әйгілі психиатр Брюс Перри ондаған жылдар бойы психологиялық тұрғыдан ауыр жарақат алған балалармен жұмыс істеген. Ол кәсіби тәжірибесінің негізінде «Мальчик которого растили как собаку» кітабын жазды. Бұл туындыда геноцидтен аман қалған, кісі өлтірудің куәгерлері, физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарының оқиғалары арқылы мидың және психиканың қалпына келтіруге қабілеті бар екенін көрсетеді. Бүгінде көркем-әдеби кітаппен қатар мотивациялық, тұлғалық дамуға көмегі бар һәм жарақаттарыңды тануға мүмкіндік беретін кітаптар саны артып келеді. Екі адамның бірінің қолында психология жанры. Бұл қоғамда психологиялық көмек іздеп жүрген жандардың көбейгенін білдіре ме?

Психологиялық техника жасау мәселенің шешімі ме?

Мәселенің бастауы балалық шақпен байланысты екенін ұқтық. Ал «детская травмасы» бар ересектер не істеуі қажет? Мұның емі, шешімі бар ма? Психологиялық жарақат болған соң психолог мамандармен жұмыс істеу − емделудің бірінші сатысы. Ал білікті мамандар бар ма? Осы орайда психологтар ұсынатын техникаларға тоқталсақ.

Бүгінде гештальт-терапиядағы танымал техникалардың бірі − «бос орындық». Практика кезінде сіз бос орындыққа қарама-қарсы отырып, сол орында өміріңіздегі маңызды немесе сізге залал тигізген адамды елестетіп, «сөйлесесіз». Бұл техниканы «детская травманы» жеңу мақсатында мамандар жиі ұсынады. Ана немесе әкеңізді елестетіп, барлық ренішіңізді сыртқа шығарасыз.

Келесі тәсіл – ата-анаңызға хат жазу. «Бұл әдіс олармен қарым-қатынасыңызды түсінуге, бағалауға көмектеседі» дейді. Екінші кезеңде қарым-қатынасты бейсаналық деңгейде тазарту үшін медитация жасайсыз. Мұнда ойланудың және талдаудың қажеті жоқ. Осы уақыт ішінде сіздің санаңыз ата-анаңызбен қарым-қатынасты тазарту үшін жұмыс істейді. Артынша хатқа алғыс жазамыз. Олардың біз үшін жасаған әрекеттері мен махаббаты, жай ғана бар болғандары үшін алғыс айту практикасы орындалады. Дәл осы тәсілдің сәл басқа да қолданысы бар. Алдымен қағазға ренішіңізді жазып, парақты өртейсіз. Оның күлін ағын суға ағызып, артыңызға қарамай үйге баруыңыз керек. Сол кезде іштегі ашу, реніш тарқап, «негатив» азаяды деген түсінік айтылады. Мұндай типтегі техникалар өте көп.

Әлемге танылғандарының ішінде біздің білетініміз аз. Адамның өзін-өзі қабылдамауын анасына, ал қаржылық тұрғыдан қиындығын әкесіне деген ренішімен байланыстырады. Ересек адамдар арасында өмірдегі қиындықтарын, қарым-қатынастағы сәтсіздіктерін балалық шақтағы «травмалармен» сәйкестендіру жиі кездеседі. Әрине, балалық шақтағы теріс әсерлердің ересек өмірге ықпалы бар. Бірақ барлық қиындықтарды тек бала күннен іздеп, тек ата-анадан көріп, өзін кінәлаудан бас тарту – шынайы жауапкершіліктен қашу емес пе? Мұндайда tik-tok платформасындағы мына сөз ойға келеді: «Сен үшін күн мен түнге қарамастан еңбек еткен ата-анаңды кешіру үшін психологқа барып жүрсің ба? Олар да бұл өмірге бірінші рет келді...».

Коммерцияның құрбаны

Тақырыпқа арқау болған психологиялық жарақат туралы іздену барысында қала тұрғына Ләззат Байболсыновамен тілдестік. (Өз келісімі бойынша кейіпкердің аты-жөні өзгертілді). Оның айтуынша, 29 жыл еңбек еткен жұмысынан бір сәтте айырылып, күйзеліске ұшыраған. Сол кезеңде құрбысы психологтармен жұмыс істеуді ұсынған. Бірақ таңдауды дұрыс жасамай, ақша жымқыруды мақсат еткен маманға кезіккенін айтты.

− Жұмыссыз қалғанымда өзімді құздан секіргендей сезіндім. Балаларыма масыл болдым деген ой келді. Абай Құнанбайұлы айтқандай, «Жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын». Мен де өзімді жоғалттым. Мені уайымдаған құрбым психологтарға баруымды сұрады. Кеңесіне құлақ түріп әлеуметтік желіден психолог маманмен сөйлестім. Әр сұрағыма нақты жауап берді, сөздері жаныма майдай жақты, рас. Балалық шағым туралы айтып, жұмыс барысындағы сәтсіздігімді отбасыммен байланыстырды. Түрлі жаттығулар үйретті. Хат жаздым, тауға барып айқайладым. 2 айдан кейін курс басталатынын айтты. Мен психология оқып бастаған соң курсқа қызығушылығым артты. Сол үшін 60 мың теңгеге Vip нұсқасын сатып алдым. Жарнамасында ата-анаға ренжімеуден бастап баламен қарым-қатынасыңды реттеуге дейін бар еді. Ақша төленді, бірақ соңында курс та, психолог та, нөмері де жоқ болды, − деді ол.

Ал 20 жастағы студент Мерей Орынбасардың айтуынша, психологиялық семинарлар оған ішкі үрейін жеңуге көмектескен.

Кейіпкердің оқиғасы біздің көкейіміздегі сауалдардың санын арттырды. Кейінгі жылдары психологиялық курс ұйымдастыру ісі қарқынды дамып, түрлі психологиялық тренингтер мен вебинарларға сұраныс та артып келеді. Бірақ «бұл құбылыс қоғам үшін тиімді ме, әлде бизнестің бір бөлігі ме?» деген сұрақ туындайды. Себебі психологиялық курс ұйымдастыру пайдалы іс болғанымен, бұл салада коммерциялық қызығушылықтардың үстемдігі байқалады.

Қоғамда психологиялық көмекке мұқтаж жандар бар. Бірақ маманға барудан тартынатындар да аз емес. Дәл осы жерде өзін «психолог» немесе «тренер» деп атайтын кәсіпқой емес мамандардың ұйымдастырған курстары өз үлесін қосады. Кәсіби білімі жоқ, бірақ кәсіпкерлікке бейім жандар адамдардың әлсіз тұстарын пайдаланып, тренингтер арқылы үлкен пайда табады. Мұндай курстардың тиімділігі өте төмен болуы мүмкін, ал кейде тіпті зиянды әсер беруі ықтимал. Психологтың басты мақсаты − көмек көрсету, ал бизнес мақсатты клиенттерді тарту мен пайда табуды көздейді. Бұл екі мақсат бір-бірімен сәйкес келе ме? Тұтынушыларға шынайы көмек көрсетуден гөрі, кіріс мәселесі бірінші орынға шығып кетуі әбден мүмкін.

Келесі күрделі мәселенің бірі − кәсіби психологтар мен жалған мамандарды ажырату қиын. Мәселен, әлеуметтік желілерде бір апталық курстан кейін «сертификатталған психолог» деген атақпен курс ұсынушылар көп, бірақ олардың білім деңгейі күмән тудырады.

Ал бұл мәселені қалай шешуге болады?

Психологиялық көмектің сапасын арттыру үшін мамандардың білім беру стандарттарын көтеріп, заңдық тұрғыдан реттеу қажет. Сонымен қатар, адамдарды психологиялық курс таңдағанда мұқият болуға, мамандардың шынайылығын тексеруге үйрету де маңызды.

Мақаланың басында айтылған сұраққа көңіл бөлсек. «Детская травма» кенеттен қалай қоғамдық талқыға айналды. Оның маңызы психологиядағы феномен ретінде қалыстаса ма, әлде уақытша дүние ме?

Психологиялық жарақат бұл салада бұрыннан белгілі. Бірақ оның ауқымды мәселеге айналуына бірнеше себеп бар. Біріншіден, психология мен неврология саласындағы ашылулар мен зерттеулер балалардың психологиялық, эмоционалдық және физиологиялық дамуына терең ықпал ететінін дәлелдеді. Екіншіден, әлеуметтік желілерде бұл тақырып белсенді таралып жатыр. Үшіншіден, менталды денсаулық пен психологиялық әл-ауқат тақырыбының қоғамда уақыт өткен сайын маңызы артып келеді. Бұл уақытша тренд емес, себебі менталдық денсаулыққа көңіл бөлу әлем мәдениетінің тұрақты элементіне айналып келеді.

Уақытпен саралайтын болсақ, «Х, У» ұрпақтар «детская травманы» елемейтіндерін айтады. Қолдауды, кейде шектеуді сезініп өскен олар үшін бұл қалыпты жағдай. Сондықтан да олар өздерін тұрақтырақ санайды. Себебі «балалық шақта жылы сөзді де, уақытында «тәйт» дегенді де естідік» дейді. Олардың пікірінше, бүгінгінің балаларымен сөйлесу үшін алдымен ойланып, айтатын сөзінді сараптау қажет. «Балаға эмоциялық қолдау артық беріліп, шектеу жеткіліксіз болса, тәрбие күрделене түседі» дейді олар.

«Бұрын мұндай жарақат болмаған» деген тұжырыммен де толық келісуге негіз жоқ. Себебі түрлі кейіпкермен әңгімелесу барысында олардың да оқиғалары ойландырады. (Пікір берушінің келісімімен аты-жөні жазылмайды)

− Сіз айтқан психологиялық жарақат туралы бертін келе ғана естіп жүрміз. Бірақ мұның шынымен кесел екеніне, тіпті менімен байланысатынына сенбес едім. Қазір жасым 60-қа жақындады. Балаларым, немерелерім бар. Осыдан 5 жыл бұрын аяқ асты есімнен танып қалатын болдым. Алматы, Астана, Ташкентке дейін барып тексерілдім. Ұзақ уақыт өтті. Бірақ емі де, нақты диагнозы да расталмады. Ал менде кез келген жерде қолым көгеріп, талып қалу жиіледі. Зерттеу келе, бұл мыңның біреуінде кездесетін, ондай жағдайда да көбіне әйелдер шалдығатын ішкі жан ауруы екенін білдік. Дәрігерлер ер адамның мұндай аурумен шалдыққанын бірінші рет көргендерін айтты. Ал кеселдің себебі – психологиялық жарақат.

Балалық шағыммен байланысты дегеннен кейін, қарасам, расымен қиын кезеңдерден өткен екенмін. Анам мені тастап тұрмысқа шықты. Ауылдағы нағашыларыммен бірге 9 баласы бар отбасыға оныншы болып қосылдым. Таңның атысы, күннің батысы үйдің үлкендерінен сөз естіп, «таяқ жеп» өстім. Есімді білгелі «тастанды бала» деген сөзді естіп өстім. Балалық шақтағы көңілімде қалған мұң, есейе келе көрген мәселелер осындай ауруға әкелген екен, − дейді кейіпкер.

Сайып келгенде, ішкі реніш пен өкпе көңілден басталады. Қазақ «Таудан биік көңіл бар» дейді. Бұл сөз адамның ішкі дүниесінің үлкен күшке ие екенін, барлық қиындықтарды жеңу үшін алдымен өз сезімдерімен жұмыс істеу керегін меңзейді. Ішкі тыныштық пен тепе-теңдікке қол жеткізу үшін өткен күннің жарақатын танып, оларды өңдеу қажет.

Қоғам арасында қалыптасқан ой мен сіздерге ұсынған пікірлерден байқағанымыздай, «детская травма» бар. Ол адамның болашағына әсер етеді. Алайда «кәсіпкер психологтар» өмірдегі қиындықтар мен сәтсіздіктердің барлығын психологиялық жарақатқа жауып, ауадан ақша жасамаса екен дейсің...

Інжу МАРЖАН

Басы 1-бетте

Нұргүл СИХАНОВА:

ЕЛІМІЗДЕ БАСҚА ЕШ ЖЕРДЕ ЖОҚ ҚҰС ТҮРЛЕРІ КЕЗДЕСЕДІ

Мәселен, орманда өмір сүретін сапсанның қанаты қысқа және толық жазған кезде артқа қарай белгілі бір бұрышпен қайырылады, бұл ағаштардың арасымен еркін ұшуға, жемтігін қапыда қалдыруға септігін тигізеді. Жыртқыштың ұшу биіктігі артқан сайын қанаты ұзарып, жайғанда денесіне тура перпендикуляр түзеді. Нәтижесінде бүркіттің, сақалтайдың қанаттары көтерілу немесе қону барысында қағылып, қалған уақытта ауаның қозғалу заңдылығын пайдаланып, қалықтау құралы ретінде пайдаланады.

Міне, мұның барлығы жыртқыш құстардың экологиясы деп аталады. Жалпы құстар әлемі – сүтқоректілерге қарағанда мекендеу ортасын консервативті түрде ауыстыратын, жаңа ортаға бейімделуі өте жай жүретін тіршілік иелері. Яғни әлемдегі климаттық өзгерістер, қалалар санының артуы оларға сөзсіз әсер етеді. Ал әсер етудің оң немесе теріс тігін жоба аяғында сараптап қорытындылаймыз.

– Жобаға кімдер қатысып жатыр? Қай аумақтарға экспедиция жасайсыздар? Қанша уақытқа созылады?

– Конкурстық талаптарға сәйкес жобаға жетекші әрі орындаушы ретінде 1 постдокторант және отандық немесе шетелдік 1 ғылыми кеңесші қатысады. Біздің зерттеу тобымызда Қазан федералды университеті, «Биоэкология және қоғамдық денсаулық» кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Ильгизар Рахимов бар. Ол кісінің жетекшілігімен аспирантурада ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне арналған диссертациямды жазып, сәтті қорғағанмын.

Жоба биылдан бастап 2026 жылға дейін жүргізіледі. Бір ерекшелігі, құстарды бақылау экспедициялық емес, стационарлық жағдайда, яғни жыл бойы үздіксіз жүріп отырады. Ол үшін Қызылорда қаласының көлемінде бірнеше тәжірибе алаңы таңдалды. Атап айтар болсам, Сырдария өзені және сол жағалауы, қаладағы саябақтар, биік ғимараттар, аз қабатты үйлер, электр бағандары мен ашық алаңдар және т.б.

– Бірнеше жылдан бері құстар тақырыбын зерттеп келесіз. Арал ауданындағы Қаратерең ауылына барып, Кәртма көлінің жағасында да зерттеу жүргіздіңіздер. Сол жылдары бұл көлде 70-ке жуық құс түрі тіркелді деген екенсіз. Зерттеу мұнан кейін де жалғасты ма?

– Ғалымның белгілі бір тақырып аясындағы жұмысының нәтижесі ғылыми мақалалар мен монография болып есептеледі. Кәртма көлінің орнитофаунасы бойынша ғылыми мақалалардан кейін, зерттеу, талдау еңбектерім жинақталып, биыл жеке монографиям жарық көрді. Әрине, Сырдария өзенінің атырабында 100-ге жуық ірілі-ұсақты көл бар екенін ескерсек, Кәртмада жасалған жұмыстар өз жалғасын табады.

– Аймақта қандай орнитологтар бар? Бұл салаға жастардың қызығушылығы бар ма?

– Өңірде орнитолог-ғалымдардың жетіспеушілігі байқалады. Дегенмен университеттегі экология білім беру бағдарламасының бакалавриат, магистратура бағыттарында білім алушылардың ішінен биологиялық алуантүрлілікке қызығушылық танытқан жастарды саланың қыр-сырына баулып, шәкірт тәрбиелеу үдерісі жолға қойылған. Олар авифаунаны бақылап, сандық және сапалық көрсеткіштеріне талдау жүргізеді. Нәтижесінде ғылыми зерттеулерін аймақтық, республикалық деңгейдегі студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарына ұсынып, жүлделі орындар алып жүр.

– Есенғали Раушанов «Құстар – біздің досымыз» кітабында құстар туралы ерекше мәліметтерді жеткізген. Құстардың біз білмейтін сырлары көп екен. Сала маманы ретінде айтыңызшы, құстарды зерттеудің ерекшелігі неде?

– Әрине, кез келген саланың өзіндік ерекшеліктері болады. Мәселен, қатаң континентті климат жағдайында, далалық жерде, аңызақ желде, аптап ыстықта немесе қара суықта сағаттап отырып, құстың экологиясын зерттеу оңай шаруа емес. Мұнан бөлек дүрбі арқылы құстың жынысын, жасын анықтау барысында оптикалық құрылғы аридті жағдайда, ауаның қызуынан түстерді бұлыңғыр етіп көрсетіп, кедергі келтіреді. Сулы-батпақты алқаптарда моторлы қайықтың гүрілдеген дауысы ұяда жатқан немесе қорек іздеген құстарды үркітіп жібереді. Әйткенмен, табиғи жағдайда авифаунаны бақылау жайсыздықтарға назар аудармай, бастаған ісіңді аяғына дейін апаруға жетелейді.

Құстар туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген бірнеше фактіге тоқталайын. Мәселен, елімізде құстардың 500 түрі тіркелген. Оның жартысынан астамы торғайтәрізділер отрядына жатады. Бұл отрядқа торғайлардан бөлек қарғалар да кіреді. Кейінгі деректерге сәйкес, әлемдегі ең ақылды тіршілік иесі қара қарға екені анықталды.

Қазақ халқы киелі құс санайтын аққу, шын мәнінде, сыңарынан айырылғаннан кейін 2 аптаның ішінде басқа сыңар тауып, өз өмірін жалғастыра алады және кейде табиғатта бірнеше сыңары бар еркек аққулар да кездеседі.

– Бір сұхбатта жолдасыңыз да ғалым екенін, экспедицияға бірге шығатындарыңызды айтыпсыз. Ол кісі де орнитологияға қызыға ма?

– Жолдасым география ғылымы бойынша электронды картография, ұшқышсыз ұшу аппараттары – коптер арқылы жер бетін бақылау саласында еңбек етеді.

Рас, әйел адамға ел жоқ жапан далада құстарды зерттеу бірқатар қиындық туындатады. Осыны түсініп, ол кісі менің ғылыми экспедицияларымда жанымда болады. Сонымен қатар экспедицияға көптеген оптикалық құралмен (суперзум және кроп, макро объективімен фотоаппарат, бірнеше дүрбі, алыстан бақылайтын өлшегіш), Қазақстанның құстарын анықтағышпен шығасың. Әрине, мұндайда ер азаматтың көмегі қажет. Басқа қырынан алып қарағанда менімен бірге экспедицияларға шығу барысында ол кісінің құстар әлеміне қызығушылығы оянып, авифауна өкілдерін ажыратуды меңгерді. Қалжыңдап, «мен атам мен әкем секілді аңшымын, бірақ менің қаруым – фотоаппаратым» деп қояды.

– Әйел ғалымдарға жұмыс пен тұрмысты тең ұстау қаншалықты қиын?

– Орнитология саласының ерекшелігін жоғарыда атап өттім. Оның үстіне орнитолог нәзік жан болса, үйдің берекесін де келтіріп отыруы қажет. Рас, ешкімнің жұмысы оңай емес, бұл жерде бастысы мойныңа жауапкершілікті ала білуде деп ойлаймын. Шаңырақтың түтіні түзу ұшып, балаларыңның тәрбиесі мен оқуына көңіл бөлуде жолдасыңның, ата-ананың жан-жақты қолдауы, көмек көрсетуі өте маңызды. Менің жағдайымда осы аталған факторлар сәтті ұштасқандықтан ғылыммен айналысу қатты қиынға соқпады десем болады.

– Қазір жастар ғылымнан гөрі бизнеске қызығады. Бұл маркетингтің күші ме, әлде жас ғалымдарға қолдау шынымен аз ба?

– «Ғылым – инемен құдық қазғандай» десем, әсіре айтқаным болмас. Қай заманда да ғылыммен шұғылдану оңай шаруа болған емес.

Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болады. Осыдан 200 жыл бұрын Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі ағысының құстары алғаш рет зерттеле бастады. Ол жұмыстарды Қазан университетінің профессоры Э.А.Эверсманн жүргізді.

Бір өзі ұлан-байтақ қазақ елінің Хиуа, Қоқан, Ресей империясымен қырғи-қабақ, тыныш емес жерлерінде авифаунаны сипаттап, еңбек етті. Одан беріде Қазан революциясы тұсында М.Бостанжогло, Н.А.Зарудный өз зерттеулерін жүргізді. Жалпы қазақ орнитологиясы өз бастауын Ғылым академиясының Зоология институты құрылуынан алады. Содан бері 70-80 жылдың көлемінде қыруар шаруа тындырылды. Ең бастысы 1960-1970 жылдар аралығында «Птицы Казахстана» бестомдығы жарық көрді. Кеңес үкіметі тараған тұста еліміздің экономикасы тұралап, ауыртпалықты барлық сала сезінді. Оның ішінде фундаменталды ғылыми зерттеулерге қиын болды. Тәуелсіздікпен бірге елімізде нарықтық экономика заңдылықтары үстемдік құрды. Осы тұста қолданбалы зерттеулер, бизнеспен байланысты салаларға басымдық берілді. Былай алып қарасаң, орнитология ғылымы таза фундаменталды сала. Дегенмен шетелдің озық тәжірибесіне көз жүгіртсек, авифаунаны зерттеуді қолданбалы бағытта дамытқан. Мәселен, елімізде басқа еш жерде жоқ құс түрлері балапандайды немесе көктем/күз мезгілдерінде ұшып өтеді. Осы кезеңдерде шетелдің атақты орнитологтары топ-тобымен елімізге ағылады. Мақсат – манағы сирек құсты дүрбі арқылы бақылап, фотобейнесін түсіріп алу, экологиясын зерттеу. Бірнеше жыл бақылау нәтижесінде жинақталған материалдар ғылыми мақалаға арқау болады. Бұл жердегі ең басты назар аударатын жайт: бұл жұмыстардың құстар үшін еш зиянсыздығында, яғни алыс қашықтықтан үркітпей бақылау.

Жастарға келетін болсақ, бизнес – олардың таңдауы. Әлемде барлық трендтер ауысып отырады. Барлығы уақытша. Күндердің күнінде бизнестен гөрі ғылымға, соның ішінде орнитолог болуға қызығатын да заман келуі мүмкін.

– Құстарды зерттеу үшін далада, көл жағасында жүріп талай қызыққа тап болған шығарсыз? Осындай сәттермен бөлісіңізші…

– Әрине, қызығы мен шыжығы мол салада әртүрлі жағдайларға кезігеміз. Бірде жолдасым екеумізді жапан далада түйе қуса, бірде екі апта бойы жаңбыр жауып, жоспарланған зерттеулер орындалмай қалды. Одан қалса, ғылыми жетекшім арнайы ат басын бұрып, өңірге келіп, Қаратеренде зерттеулер жүргіздік. Ауылдан шыға берісте асфальт жолда емес, сүрлем жолда МАИ қызметкері көлігімізді тоқтатқан кезде, айдалада, бір күліп алғанбыз.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

СӘУЛЕТТІК КЕСКІНДЕРДІ ЖАСАУ ҮШІН ҚАНДАЙ БАҒДАРЛАМАЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Заманауи 3D модельдеу және визуализация технологиялары сәулет практикасында шешуші рөл атқарады. Бұл сәулетшілер мен дизайнерлерге өз жобаларының онлайн түрде шынайы бейнелерін жасауға мүмкіндік береді.

Мақалада нақты архитектуралық кескіндерді жасауға арналған бағдарламалармен таныстырмақпын. Сонымен қатар осы саланың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары талданады.

Сәулетшілер SketchUp және Twinmotion сияқты визуализация жасау үшін пайдаланатын негізгі бағдарламалық өнімдерді зерттеді. Әр құралдың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды, сонымен қатар олардың шынайы бейнелерді жасаудағы мүмкіндіктері салыстырылды.

Заманауи 3D модельдеу және визуализация технологиялары сәулет практикасында маңызды рөл атқарады. Бұл сәулетшілер мен дизайнерлерге өз жобаларының әсерлі және шынайы бейнелерін жасауға мүмкіндік береді. Жыл сайын визуализациямен жұмыс істеудің жақсартылған мүмкіндіктерін ұсынатын, жоғары сападағы бағдарламалық өнімдер пайда болады.



Сәулетшілер визуализация жасау үшін қолданатын негізгі құралдардың бірі – SketchUp. Бұл бағдарламалар қарапайым модельдер мен тұжырымдамалық кескіндерді жылдам жасайды.

SketchUp – дизайн мен инженерияның әртүрлі салаларында кеңінен қолданылатын үш өлшемді модельдеудің бағдарламалық құралы. Бағдарлама қарапайымдылығы және интуитивті интерфейсімен ерекшеленеді. Бұл оның әр түрлі деңгейдегі пайдаланушылар арасында танымал болуына ықпал етеді. SketchUp пайдаланушыларға мамандандырылған құралдарды терең білмей-ақ үш өлшемді модельдерді жылдам жасауға мүмкіндік беретін ыңғайлы интерфейс пен интуитивті құралдарды ұсынады. Жұмыс тиімділігіне келсек, оңтайландырылған құрылымымен және қарапайым құралдарымен SketchUp қарапайым модельдер мен тұжырымдамалық кескіндерді жылдам жасауға мүмкіндік береді. Плагиндер арқылы жетілдірілген басқару мүмкіндіктері бағдарламаның функционалдығын кеңейтеді және басқа қолданбалардан модельдерді импорттау және анимациялар жасау сияқты қызметті ұсынады. Нақты уақыт режимінде жұмыс істеу мүмкіндігі пайдаланушыларға модельдердегі өзгерістерді бірден көруге мүмкіндік береді.

Қарапайым модельдерді құрудағы тиімділігіне қарамастан, SketchUp жетілдірілген құралдар мен мүмкіндіктерді қажет ететін күрделі жобаларды жасау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Материалдар мен жарықтандырудың шектеулі параметрлері кейбір бәсекелес бағдарламалармен салыстырғанда SketchUp материалдардың, жарықтандырудың және басқа параметрлердің конфигурациясында шектеулерге ие. Бұл жасалған модельдердің шынайылығына әсер етуі мүмкін. SketchUp-та фотореалистік нәтижелерге қол жеткізу үшін көбінесе үшінші тарап плагиндерін немесе бағдарламаларын пайдалану қажет.

Twinmotion – бұл Epic Games әзірлеген үш өлшемді модельдерді визуализациялау және анимациялау бағдарламасы. Бұл пайдаланушыларға архитектуралық жобалардың, ландшафттардың және интерьерлердің жоғары сапалы визуализацияларын жасауға мүмкіндік береді, бұл көріністердің шынайы бейнесін және жобалармен жылдам жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

Шынайы визуализация: Twinmotion фотореалистік кескіндер мен анимацияларды жасауға мүмкіндік беретін материалдардың, жарықтандырудың және текстураның кең таңдауын ұсынады. Басқа бағдарламалармен интеграциясына келсек, бағдарлама SketchUp сияқты әртүрлі үш өлшемді модельдеу пакеттерімен жақсы үйлеседі, бұл модельдерді импорттау процесін және жобалармен бірлесіп жұмыс істеуді жеңілдетеді. Сондай-ақ,Twinmotion нақты уақыт режимінде жұмыс істейді, бұл жобадағы өзгерістерді бірден көруге және жылдам түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Кейбір құралдардың бай функционалдығы мен күрделілігіне байланысты бұл бағдарлама жаңадан бастаушылар үшін қиын болуы мүмкін және оны меңгеру үшін уақыт қажет.

Аппараттық талап: Twinmotion-да жоғары сапалы жобалармен жұмыс істеу үшін қуатты аппараттық құрал қажет, бұл өнімділігі төмен компьютерлері бар пайдаланушылар үшін кедергі болуы мүмкін.

Зерттеулерге сәйкес, Twinmotion анимация жасау мүмкіндіктерін ұсынғанымен, кейбір пайдаланушылар оны басқа арнайы анимациялық бағдарламалармен салыстырғанда мүмкіндігі аз деп бағалайды.

Тұтастай алғанда, SketchUp және Twinmotion бағдарламалары – кең функционалдығы мен нақты уақыт режимінде жұмыс істеу мүмкіндігі бар, дизайн мен инженерияның жоғары сапалы үш өлшемді модельдік визуализацияларын құрудың қуатты құралы.

Оның фотореалистік кескіндерді жасау және басқа бағдарламалармен біріктіру мүмкіндіктері сәулет өнерін дамыта түседі.

Хасен ЗЕЙНУЛЛА



СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ – ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ УАҚЫТ

Студенттік шақ – адам өміріндегі маңызды әрі мерейлі кезең. Себебі өзінді жаңа қырыннан танып, тұлға ретінде қалыптасуға қадам жасап, болашағынды айқындай бастайсың.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіне алғаш келген кезім. Енселі ғимаратты көрген кезде бойымда қуанышпен қатар қорқыныштың болғаны рас. Санамда «Мені қалай қабылдар екен?» деген сұрақ болды. Әр адам жаңа ортаға келгенде осы ойда болатыны белгілі. Бірақ бекер қорыққан екенмін. Себебі мені оқу тобында көңілді қыздар мен жігіттер қарсы алды. Қазір студенттік күндерім өте ерекше әрі қызықты өтуде. Өйткені жанымда да толы кезең елестейтіні рас. Мектепте оқып жүріп, әпкелерімнің студенттік күндер жайлы әңгімелерін тыңдап, тезірек өсуге асығатынмын. Кеше ғана «Студент атансам, үлкен болсам» деп жүріп, міне ендігі студенттік өмірдің екінші жылына қадам басудамын. Бұл күндер өмірімдің ең қызықты кезеңі десем қателеспейтін сияқтымын.

Менің таңдаған мамандығым – «Шетел тілі мұғалімі». Мамандық таңдауда анамның кеңесі мен өмірлік тәжірибесіне сүйендім. ШТ-М-23 оқу тобында 22 қыз, 5 ұл бала білім алып жатырмыз. Ғасырға жуық тарихы бар білім ордасындағы әр күніміз ізденіске, ғылымға деген құштарлыққа толы. Бос уақытымызда түрлі үйірмеге қатысып, жан-жақты дамыған тұлға болуға талпынудамыз.

Мектеп кезінде ашылмаған қырларымыз колледжде ашылып, өзімізді таныта түсуге көп мүмкіндік берілді. Оқу орнында ұйымдастырылатын әрбір іс-шараға қатысуды қалап, өзге студенттермен танысып-біліскің келеді. Қуанғанда бірге шаттанып, мұнайғанда мұңынды бірге өнсеретін жандар пайда болды. Қыздар студент болдық деп өздеріне қарап, білімдерін жетілдірсе, жігіттер өздерін ересек адамдарша ұстай бастайды. Бір студент ғашық болып, махаббат хикаясын бастаса, екіншісі сабақты жан-тәнімен беріліп оқиды. Ал отбасынан жырақта кетіп, жатақханада тұрақтаған достарым студенттік өмірдің ең қызықты күндерін бастарынан кешіріп жатқан болар... Кейбірі I жартыжылдықта отбасын сағынып, көңілдері түсіп жүрсе, біраз уақыттан соң ортаға үйреністі. Бәріміз жиналатын отырыстар, бірігіп жасайтын тәрбие сағаттар, әр мейрам сайын өз бөлімінді безендіру – барлығы да студенттік өмірдің ең қызықты күндері екені рас емес пе? Әр мектептің үздіктері жиналған топ сабақты жарыса оқиды. Әрбір студент «өз мамандығымның үздік маманы болайыншы» деген ниетпен білімге ұмтылады. Жауапкершілік алып үйренеді.

Менің ойымша, студенттік өмір осындай қызықты естеліктерден тұрады. Сондықтан, адам өмірінің осы кезеңін мәнді, мағыналы етіп өткізуге тырысайық, достар!

Тахмина ҮСЕН,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, «Шетел тілі» бөлімінің 1- курс студенті

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ) – кене арқылы берілетін табиғи-ошақты жұқпалы ауру.

Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облысы және Шымкент қаласының аумағында КҚГҚ табиғи ошақтары бар. Республика бойынша жыл сайын КҚГҚ-ның 20-26 жағдайы тіркеледі, оның 10%-ы өліммен аяқталады. Табиғи ошақтар болуының негізгі себебі – осы аумақтарда иксод кенелерінің тіршілік етуі, олар КҚГҚ-ның негізгі тасымалдаушысы. Бұл ретте кенелер үй мен жабайы жануарларда паразиттік тіршілік етеді. Кенелер әдетте наурыз айында жаппай шыға бастайды. Олардың шағуынан зардап шеккен адамдардың көбі мамыр-маусым айларында тіркеледі, жыл сайын олардың саны 7 мыңнан 15 мыңға дейін болады.

Адам мынадай жағдайларда ауруды жұқтырады:

- тікелей жұқпалы кене шаққанда;
- КҚГҚ-мен ауыратын адаммен байланыста болған кезде;
- кене басқан ауыл шаруашылығы жануарларын бағу кезінде (малдан кенені алғанда, қайшымен қырыққанда және кенені қолмен алып тастағанда).

Мына адамдардың ауруды жұқтыру қаупі жоғары:

- жануарларды бағумен (шопандар, малшылар, сақманшылар, сауыншылар, ветеринариялық қызметкерлер), сондай-ақ табиғи ошақтың аумағында малды союмен немесе бөлшектеумен айналысатын адамдар;
- кез келген адам, егер олар эндемиялық аймақта болғанда жұқпалы кенемен байланыста болса;
- КҚГҚ-мен ауыратын науқастың қанымен және басқа да биологиялық сұйықтықтарымен қорғалмаған байланыста болған медицина қызметкерлері.

Ауру басталғаннан белгілердің пайда болуына дейін 2 күннен 14 күнге дейін уақыт өтеді. Ауру жіті дамиды, дене температурасы 40 градусқа дейін көтеріледі, бастың ауыруы, қалтырау, беттің, сілемейлі қабықтардың қызаруы, әлсіздік, бұлшықеттің, буынның ауыруы, жүрек айну, құсу және 2-4 күннен кейін мұрынның, қызылиектің қанауы, дененің, сілемейлі қабықтардың, инъекция орнының қанталауы байқалады, ішкі ағзалардан қан кетуі мүмкін.

Сауыққаннан кейін иммунитет 2 жылдан 7 жылға дейін сақталады. Қазіргі уақытта КҚГҚ-ға қарсы вакцина жоқ.

КҚГҚ-ны жұқтырмау үшін:

- табиғатқа шыққан кезде кенелерді үркітетін құралдарды (аэрозольді репелленттерді) пайдалану;
- киімге түскен кенелерді уақытылы табу үшін өзін-өзі және бір-бірін тексеру;
- ауыл шаруашылығы жануарларын қырқуды және жүнді өңдеуді қорғаныш киіммен және қолғаппен орындау.
- табиғи ошақтарда орналасқан жануарларды және мал қораларын кенеге қарсы өңдеу қажет.

КҚГҚ ауруын емдеуді уақытылы бастамаған жағдайда аурудың өлімге әкелуі мүмкін екенін ескере отырып, кене шаққан кезде тез арада медициналық мекемеге жүгіну қажет! Кенелерді өз бетіңізбен алмаңыз!

Алима АБДУШУКУРОВА,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНЫҢ ҚАЛАЙ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Жыл сайын дүние жүзінде жатыр мойны обырының (ЖМО) 600000-нан астам жаңа жағдайы анықталады. Ал 300000-нан астам әйел осы аурудан қайтыс болады. Қазақстанда жылына жатыр мойны обырының 1900-ден астам жаңа жағдайы тіркеліп, жыл сайын 600-ден астам әйел дүниеден озады. Кейінгі 20 жылда республикада жатыр мойны обырына шалдығу көрсеткіші 26%-ға өсті.

ЖМО – әлем бойынша әйелдерде жиі кездесетін төртінші қатерлі ісік түрі. Қазақстанда статистика одан да сорақы – ЖМО әйелдердегі қатерлі ісіктер құрылымында – сүт безі қатерлі ісігінен кейін екінші орында тұр.

ЖМО пайда болуының негізгі себебі – АПВ инфекциясы.

АПВ адамнан адамға жұқпаланған терімен, шырышты қабаттарымен және дене сұйықтықтарымен тікелей байланыс арқылы беріледі.

Атап айтсақ, қол алысу, сүю, терінің зақымдануы арқылы. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан сауна, монша, спорт зал, дәретхана мен бассейн сияқты қоғамдық орындарға барғанда абай болу керек.

Жыныстық қатынас – бұл жыныстық қатынас кезінде немесе жыныс мүшелеріне тиген кезде жұқтырылған аймақпен кез-келген байланыс болуы мүмкін. АПВ жағдайында, мүшеқаптар толық қорғауды қамтамасыз етпейді, өйткені олар жыныс мүшелерінің барлық терісін қамтымайды.

Туылған кезде тікелей жолмен – жұқтырған анадан балаға туу каналынан өту кезінде.

Өзін-өзі жұқтыру арқылы – АПВ тырнақ астында ұзақ уақыт сақталуы мүмкін, яғни адам инфекцияны алып, өзіне жұқтыруы мүмкін.

АПВ қан мен сперматозоидтар арқылы берілмейді.

АПВ-ның онкогенді түрлері патологиялық өзгерістерді тудыруы мүмкін, бұл 15-20 жылдан кейін жатыр мойны обырының дамуына әкеледі.

ЖМО-ны ерте диагноз қойып, емді дереу бастау арқылы емдеуге болады. Сондықтан Қазақстанда 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер үшін жеке скринингтік тексеру жүргізіледі.

Әр төрт жыл сайын скринингтік топтағы әйелдер жатыр мойнындағы ықтимал қатерлі ісіктерді анықтау үшін ПАП-тест (Папаниколау жағындысы) тапсыруы керек.

Скринингтерден басқа, 100-ден астам елде АПВ вакцинациясы түріндегі профилактикалық шаралар қолданылады. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Швеция және басқа елдердің тәжірибесі вакцинациядан кейін жатыр мойны обырының төмендеуін көрсеткен.

Қазақстанда 2024 жылдың күзінде АПВ-ға қарсы ерікті вакцинациялауды бастау жоспарлануда. ҚазОРҒЗИ болжамы бойынша бұл болашақта ЖМО-ға шалдығуды 74,2%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Динара ЖАНАБЕРГЕНОВА,
Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы

АЙДЫН СӘНДІБАЙ:

АҚЫН ДА, САЗГЕР ДЕ ТУЫНДЫСЫН ЖҮРЕГІМЕН ЖАЗАДЫ

«Ән – халықтың үні, оның шындығы, ойы мен сезімі» дейді жыр алыбы Жамбыл бабамыз. Көпшіліктің көкейіндегі сезімін қозғап, көңіл пернесін дөп басатын ән тудыру – Құдай дарытқан бір құдірет. Сазгерліктің сыры мол, тылсымы бөлек. Осы орайда Жандос Қаржаубайдың орындауындағы «Бақытың қаншадан?», Нұркеш Жалғасбайдың қоржынындағы «Сынақ», эстрададағы жұлдызды жас әншілердің орындауындағы «Толқындастар» секілді көптеген хит әннің авторы, сазгер Айдын Сәндібаймен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Сізді хит әндердің авторы ретінде танимыз. Жалпы осы күнге дейін қанша ән жаздыңыз? Оның нешеуі жарық көрді?

– Осы уақытқа дейін шамамен 200-дей ән жаздым. Нақты саны есімде жоқ. Оның жартысына жуығы жарық көріп үлгерді. Бұйырса алдағы уақытта да жағымды жаңалықтармен бөлісеміз. Бірқатар әншінің ән қоржынында тәуір-тәуір туындыларымыз өз кезегін күтуде.

– Өзіңіз жазған туындылардың ішінде қай ән жаныңызға жақын? Сол әннің тарихын айтып берсеңіз...

– Жалпы ақын да, сазгер де өз туындыларын «мынау жақсы, мынау нашар» деп бөліп-жара алмайды. Әрбір әннің өзіндік орны бар, әрбірінің тарихы, тәттілігі бар. Дегенмен шығармашылық адамының ел арасында есімін таныткан «төлқұжат» туындысы болады. Төлқұжатым деп «Бақытың қаншадан?» атты туындымды айтар едім.

Бұл ән бес жыл бұрын жазылды. Карантиннің уақыты, жер-жерде көтеріліс болып жатты. Соның салдарынан қаншама халық зардап шеккенін көріп... Одан бөлек жеке өмірімде де күрделі жағдайларға тап болып, күйзеліске ұшырадым. Біз, сазгерлер ішіміздегі мұңымызды да, сырымызды да, қуанышымыз бен қайғымызды да барлығын әнмен жеткізетін халықпыз ғой. Дәл сол кезеңдерде «Бақытың қаншадан?» деп жүрек толқынысын жаздым.

Бұдан бөлек жанымма жақын туындыларым өте көп. Мысалы, Жандос Қаржаубай мен жұбайы Жұпар Садақбаеваның орындауындағы «Біз бір жүрекпіз» атты әннің сөзін де, сазын да өзім жаздым. Бұл – «болашақта үйленіп, шаңырақ көтерген күні жан-жарыммен бірге орындаймын» деген ниеттен, арманнан туындаған дүние.

– Қазіргі әндер кеше хит болып, ертең ұмытылып жатады. Сөзі мен сазы қабысқан әндер бірен-саран. Оған не себеп деп ойлайсыз?

– Әзір біреуге ақыл айтатын жаста емеспін. Ән жазуды бастағалы осы уақытқа дейін жинаған тәжірибем бойынша айтсам, қазір музыкадан бөлек барлық салада бақталастық бар. Шығармашылықта стиль мен жанр көп. Соған қарай тыңдарманның да талғамы, жан қалауы әртүрлі. Біреу баяу әуендерді ұнатса, біреу көңілді ритмдегі әндерді жақсы көреді деген секілді.

Ал мәтінге тоқталсақ, қоғамда «қазіргі әндердің мәтінінде мағына жоқ» деген пікір қалыптасқан. Бұл пікірге келісетін де, келіспейтін де тұстарым бар. Біріншіден, нашар ән, нашар өлең болмайды. Олай дейтін себебім, нағыз халықтың жүрегіне рух беретін кейбір ғажап туындылар тыңдалмай қалады да, есесіне еліктеп-солықтап, өзге тіл мен қазақ тілін араластырып жазылған ала-шұбар мәтінді әндер кең таралып, хит болып жатады. Осының бәріне куә болған шығармашылық адамдары да көпшіліктің сұранысына сай жеңіл-желпі дүниені ұсынып отыр. Кез келген сала халыққа қызмет еткеннен кейін, көпшіліктің көзқарасымен санасады, елге не ұнайды, соны беруге міндетті.

«Кеше хит болып, ертең ұмытылып жатыр» деген сөзіңізбен толықтай келісем. Бірақ басқа қырынан. Мысалы, бұрын жұрттың жүрегін жаулаған жақсы әншілер бірен-саран болатын. Ал қазір әнші көп, соның ішінде сапалы әншілер өте көп. Бәрі бірінен соң бірі хит ән жазып, барлығы бірдей халыққа ұнап жатқан соң оларды ел тыңдап үлгермей жатыр. Үздіксіз шығып жатқан әндер бірінен-бірі оза түсіп, алдыңғысын ұмыттырып жібереді.

– Ән жазғанда ақындардың өлеңіне жазасыз ба? Әлде әуелі ән жазып, кейін мәтінін жаздырасыз ба? Сіздің ойыңызша екеуінің айырмашылығы бар ма? Қайсысы шынайырақ шығады?

– Әуелі сазы шықса да, сөзі шықса да екеуі де шынайы дүние. Өйткені ақын да, сазгер де туындысын жүрегімен жазады. Кейде бірінші әнін жазамын, сосын ақындарға жүгініп, мәтінін жаздырамын. Ал кейде бір ақынның өлеңі жүрегіме қозғау салса, сол өлеңге ән жазамын.

Сөзі мен сазын қатар жазып жүргеніммен өзімді ақын деп санамаймын. Бұл салада «фишка» деген дүние бар. Яғни әннің басты кілт сөзі. Әуелі ән туындаған шақта мен сол кілт сөзді қалыптастыра аламын. Ал ақын соған сүйене отырып, сөзін жазып шығады.

Мәтіннен бұрын әнін жазғанның бір қиындығы әннің буынында шектеу болмайды. Ал өлеңге жазылған әннің артықшылығы – бас-аяғы бар, тап-тұйнақтай жұмыр дүние шығады. Сондықтан ең ұтымдысы өлеңге жазылған ән деп ойлаймын.

– Қазіргі таңда жеке орындауыңызда ән айтып, өнерде өз жолыңызды қалыптастырып жатырсыз. Бұл шешіміңізге не түрткі болды?

– Бала кезімнен өнерге жақын болдым. Домбыра шертуді алғаш рет әкемнен үйрендім. Мектеп қабырғасында жүріп, терме үйірмесінде оқыдым. Одан кейін фортепиано аспабында да білім алдым. Бүгіндері осы фортепиано аспабы бойынша консерваторияны тәмамдадым. Ойлап отырсам, мектеп жасымнан бастап сахнадан түспеген екем. Сол бір бала кезімнен бар арманым үлкен сахналардан көріну, әншілік жол болатын. Ән жаза жүріп бала күнгі арманымды орындағым келді. Әншілік қырымды да сынап көрейін, бәлкім, бағым жанып кетер деген арман, ниетпен қадам басып жатқан жайым бар. «Жігітке жеті өнер де аз» дейді емес пе?! Әншілік өнерімен бірге саз бен сөзді қатар алып жүру қолымнан келеді деп ойлаймын.

– Байқағанымыз, композиторлар керемет әндерін әншілерге беріп, кейін ғана өзінің әншілік жолын қалыптастыра бастайды. «Неге осы әнді өзім орындап, жарыққа шығармадым екен» деген өкініш болды ма?

– Ондай өкініш менде мүлде болған жоқ. Кез келген ақынның да, сазгердің де бар қалауы жазған дүниесі жалпақ жұрттың аузында жүрсе арманы жоқ шығар.

Ән де, өлең де шығармашылық адамының баласы секілді. Әр адам өз баласының жарқырап, жұрт алдында жүргенін қалайды. Сондықтан жазған туындым бір әншінің бағын ашып, оны елге танытып жатса қатты қуанамын. Маған одан асқан бақыт жоқ!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен **Аружан ОРАЛБАЙ**

АҚБОТА ЕСМҰХАМБЕТОВА:

«ӘКЕМ ӨНЕР ЖОЛЫНА БАРУЫМА ҚАРСЫ БОЛДЫ»

Ақбота Есмұхамбетова – Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрының актрисасы. «Нарком Жүргенов» спектаклінде Дәмештің, «Love is...» премьерасында Қымбаттың рөлін сомдап халықтың қошеметіне бөленген актриса өнердің қасиетін ерте жастан ұғынған. Ақбота ниеттің тазалығын басты орынға қойып, шынайы көңілмен басталған әр жұмыстың өз берекесі болатынын айтады.



Актриса бала кезінде дәрігер болуды армандаған. Алайда болашақ өнерпаздың ерекше талантын байқаған ұстаздары Ақботаны әркез түрлі мерекелік іс-шараларға жүргізуші, әнші, биші ретінде қатыстырып, басқа балалардан ерекше көрді. Бұл дәстүр мектеп кезінде де жалғасып, Ақбота білім ордасының маңдай алды, белсенді оқушыларының қатарынан табылды. Болашақ өнер иесі алтыншы сыныпта келешегін тек өнермен байланыстыратынын түсінген. Ол мектеп бітірген соң шығармашылық емтиханды үздік тапсырып, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті атанады. Азамат Сатыбалдының шеберханасында тәлім алып, балалық мақсатына қол жеткізеді. Алайда бастапқы уақытта қызының актриса болуын әкесі құптай қоймаған.

– Қыз баланың актриса болуын көп әке қолдай бермейді. Алматыға оқуға кетіп бара жатқанда, бірінші рет әкемнің көзінен жас көрдім. Әрине, бұл жас әкенің перзентіне деген алаңдаушылығы, болашағына қатысты қорқынышы мен күдігі болса керек. Алайда біраз уақыт өте келе әкем батасын беріп, жолға шығарып салды. Осылайша арман жолында Алматымен қауышып, өнер атты алып шаһарға алғашқы қадамымды жасадым, – деді ол.

Актриса Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын тәмамдаған соң, туған жеріне қызмет етуді о бастан мақсат еткен. Театрға қабылдамастан бұрын Ақбота қасиетті шаңырақтың аға буын өкілдері мен театр режиссерінің алдынан өтіп, өз өнерін көрсетеді. Келбеті мен таланты келіскен аруды комиссия мүшелері бірден мақұлдап, Ақбота Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының актрисасы атанады.

– Театрға келген соң, алғашқы рөлдерімнің бірі «Нарком Жүргенов» қойылымындағы Дәмештің рөлі болды. Оның образын табу маған кішкене қиындық тудырды. Неге десеңіз, Дәмеш – ақсүйек тұқымынан шыққан, менен бірнеше жас үлкен, күйеуі бар, бір шаңырақтың келіні. Кейіпкердің осы бейнесін табу үшін өзіммен біраз жұмыс істеуге тура келді. Әрине, қыз бала болғаннан кейін отбасылы әйелдің жанын түсіну оңайға соқпады. Ал алғашқы премьераларымның бірі «Love is...» спектаклінде Қымбаттың рөлін сомдау аса қиындық тудырмады. Себебі Қымбат дәл мен секілді студент және жас қыз еді, – деді Ақбота.

Актриса кейіпкердің ішкі хәлін түсіну үшін образ бен өмірдегі Ақботаны салыстырып, өзіне «менің өмірімде қойылымға ұқсас жайттар болса, қандай реакция білдірер едім?» деген сауал қояды екен. Кейіпкердің ішкі хәлінен бөлек, туған жері, жасы, жұмысы сынды мәселелер де маңызды. Осы ақпараттардың бәрін зерттеу арқылы ғана образ сәтті шықпақ.

Өнер адамы үшін халықтың қошеметінен артық сыйлық жоқ. Бұл тұста Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық театрының 70-ші маусымы көрерменге жол тартатынын да айта кеткен жөн. Жаңа маусымда Ақботаға да бірнеше қойылымнан басты рөл бұйырған. Актрисаның мақсаты – осы рөлдерді абыроймен алып шығып, өнер жолында өз атын қалдыру. Ақботаның алдағы жұмысына сәттілік және шығармашылық табыс тілейміз!

Айғаным ҚОҢЫРБАЙҚЫЗЫ

IN.KYZYLORDA:

ҚОҒАМ САПАЛЫ ДҮНИЕЛЕРГЕ «АШ» КЕЗДЕ, ҚЫЗЫҚТЫ КОНТЕНТ ӘЗІРЛЕДІК

Таяуда 22 жастағы блогер, «In.kyzylorda» парақшасының негізін қалаушы, шолушы Мұхаммедәли Агзаммен сұхбаттасудың сәті түсті. Жас та болса, өз ісінің маманы ретінде танылған кейіпкеріміз мобилография саласындағы тәжірибесімен бөлісті.

– Мұхаммедәли, қазір көптеген блогердің контенті қызық. Соған орай жалпақ жұртқа сөзі өтімді. Өзің бұл салаға қалай келдің? Отбасыңыз бен достарыңыз бұл ойыңызды қолдады ма?

– Студенттік шақта, нақтырақ айтсам карантин уақытында мобилографиямен айналыстым. Кейін тапсырыс қабылдап, гастрольдік сапарға шықтым. Бірақ блогер ретінде танылу ойымда болмады.

Екі жыл бұрын Түркияға саяхаттадым. Елге оралған соң «Қалай 300 мың теңгемен Түркияға баруға болады?» деген тақырыпта әлеуметтік желіге видео жарияладым. Мобилограф ретінде тәжірибем болған соң видеоны түсіру де, монтаж барысы да оңай болды. «Жасауға болады екен» деп, кейін осы бағытты жалғастырдым. Қаралым саны артып, желі қолданушылары үшін қызық контентке айналды.

Ата-анам үлкен кісілер болған соң әуелде түсінбеді. Ол кезде блогерлік те, мобилография да дәл қазіргідей танымал емес. «Сені видеодан көрдік» дейтін. Кейін нақты осы бағытта жұмыс істеймін дегенде ғана отбасыма бастамамды жеткіздім.

Неге «In.kyzylorda»? Өзіңіз де білесіз, әлеуметтік желіде «Sxodim» пабликтері бар. Олар – қала тұрғындары мен қонақтары үшін пайдалы құралға айналды. Дәл осы идеяны Қызылордаға алып келгіміз келді. Қалада ашылған жаңа орындар, өтетін іс-шаралар мен концерттерді көрсетіп, халыққа пайдалы парақша ашуды жоспарладық.

– 2022 жылы колледжді тәмамдаған соң университетке оқуға тапсырмадыңыз. ЖОО-да білім алу ойда бар ма?

– Жоғарыда айтқанымдай, студент кезімде видео түсіріп бастап, жұмысым қарқынды жүрді. Мамандық бойынша да бағымды сынадым. Екеуі де жаныма жақын, ұнайтын бағыт еді. Бірақ нақты бір салада дамуым үшін тәуекелге бел буып, таңдау жасауым қажет болды. Жүрек қалауым медиа бағытына түсті. Алдағы уақытта медиа бойынша американдық оқу орындарында білім алсам деймін. Ал дәрігер ретінде, мүмкін жеке тіс клиникамды ашып қалармын. Бірақ оқуымды бұл салада жалғастыру туралы жоспар жоқ.

– Аз уақыт ішінде 65 мыңға жуық оқырман жинаудың құпиясы неде?

– Мұның нақты құпиясы жоқ деп ойлаймын. Бастысы – дұрыс әрі сәтті схема. Біздің негізгі аудитория – жастар. Сол үшін олардың сұранысына, қызығушылығына сай контент әзірледік. Трендтегі видеоларды уақытында ұсынумен қатар маркетингтің де рөлі зор. Қоғам сапалы дүниелерге «аш» кезде, қызықты контент әзірледік.

«In.kyzylorda» ашылған сәтте мен жалғыз болдым. Команда бертін келе жасақталды. Сапалы контент үшін бізге телефон мен петличка болса болғаны.

Жиналыс үшін бізде арнайы уақыт бекітілген. Әр сәрсенбі таңғы 8-де талқылау жүргіземіз. Нақты мақсат, идея мен жоспарды ортаға салып, біздің жолымызда кездесуі мүмкін мәселелердің алдын алу шараларын жасаймыз.

– Оқырмандарға өміріңіздің қанша пайызын ашық көрсетесіз?

– Шамамен өмірімнің 15 пайызын ғана көрсетемін. «In.kyzylorda»-дан бөлек жеке парақшам бар. Өзім туралы сонда жиі баяндаймын, бірақ көп емес. Отбасымды блогқа араластырмаймын. Олар контенттің құрбаны болмаса екен деймін.

– Блог жүргізуден бөлек, болашақта қандай салада дамығыңыз келеді?

– Бизнес саласына барсам деймін. Бүгінде әйелдерге арналған аяқ-киім сататын онлайн дүкеніміз жұмыс істейді. «Аудитория бар, құрал бар, неге қолданбасқа» деген мақсатпен досым екеуіміз осындай кәсіп бастадық. Қазір сұраныс артып жатыр.

– Егер уақытқа сапар жасасаңыз. Екі жыл бұрынғы және кейінгі Мұхаммедәлиге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жалпы менің бойымда кез келген мәселеге оңай қарау деген қасиет бар. Мұның жақсы да, сондай-ақ жаман да тұсы бар. Сол үшін өзіме «бастаған ісіңе салмақты қара, жауапкершілікті сезін, бастысы сол қалпыннан тайма» деп айтқым келеді. Ал екі жылдан соң өзімді филантроп, 100 миллион капиталы бар кәсіпкер әрі отбасылы адам ретінде көремін.

– Бүгінде курс ұйымдастыру да трендке айналды. Оқырмандарыңызға қандай да бір ұсыныс әзірлеп жатырсыз ба?

– Иә, 2-3 ай көлемінде контент-мәйкинг жөнінде офлайн және онлайн курс жүргізуді бастаймыз. Бағасы да қолжетімді болады. Мобилографиядан бастап, сапалы контент дайындау бағытындағы барлық тақырып қамтылады.

– Білуімізше отбасыңыздың кенже баласысыз. Оқырмандарға қызық екенін байқадық, отбасыңыз туралы айтып өтіңізші.

– Біз 4 ағайындымыз.Үйдің кенжесі дегенде ойға лезде еркелік келетіні рас. Бірақ менің жағдайымда олай емес. Кенже болсам да бауырларыммен жас айырмашылығымыз көп. Сондықтан болар үйдің үлкені секілді тәрбиеленіп, жауапкершілікті сезініп, тәртіппен өстім.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Інжу МАРЖАН

Бүгінде танымал медиа платформа көп. Соның бірі кейінгі төртжылдықта көш басын бермей келеді. Иә, талайдың танылуына сеп болған Tiktok қосымшасын қолданушылар саны ай сайын 1,1 млрд-тан асады. Осы әлеуметтік желі арқылы жарнама жасап, медиа салада ерекше стилімен танылған тиктокерлердің бүгінгі контенті сапалы ма?

Tiktok - тағы

STREAM-ГЕ ТОҚТАУ БОЛА МА?

Instagram және TikTok – қазақстандықтардың ең көп қолданатын әлеуметтік желісі. Бұл туралы Datareport зерттеу компаниясы хабарлады. Олар ұсынған мәліметтер бойынша 2023-2024 жыл аралығында әлеуметтік желідегі жеке парақшалар саны 3,7 млн-ға артқан. TikTok-қа иелік ететін қытайлық жеке холдингтік интернет-компания Bytedance-тің осы жылдың басында берген ақпараты бойынша, TikTok-та 18 жастан жоғары қазақстандықтардың 14,1 млн аккаунты тіркелген. Оның 51,1%-ын әйелдер құраса, 48,9%-ы ер адамдар.

Жоғарыда TikTok-тың біздің елде қаншалықты танымал екенін көрсеттік. Байқасақ, желіге деген қызығушылық жоғары. Бұл – ондағы контентмейкерлердің сапалы жұмыс атқарғанынан немесе жай өмірінің қызық сәттерімен бөлісетін қолданушылардың септігінен болар... Әйтеуір елімізде қит етсе өзін «блогер» атайтын жас көп. Мұның ақыры қалай болмақ, бізге беймәлім.

Қош... Бірі TikTok-та би билеп танылса, енді бірі пайдалы контент жасап, халық назарын өзіне аударды. Платформа кеңістігінен тағылымға толы ақпарат та табуға болады. Тіпті кейбірінің бейнеролигі серпіліс сыйлап, жаңа дем береді. Алайда бұл кеңістіктен талғамсыз дүниені де кезіктіресің. Кейінгі кезде «липсинг» (жай ғана әннің сөзіне видео әзірлеу) түсіретін жастар да өздерін жұлдыз санайды.

Танымалдылық – табыс көзіне әкелетін бірден бір күш. Ал бағың жанса, TikTok желісі атағыңды шығара алады. Бәрімізге белгілі факт, ол – қаралымың артып, аудиторияң белсенді болса, компаниялар жарнама ұсынады. Яғни, кейбірі платформадан осылай табыс табады.

Бейне контентпен айналыспай, тек stream-да отыратындар бар. Яғни тікелей эфир арқылы қаралым, лүпіл, жазылушы жинайды, құны 1 тиын тұратын сыйлықтар алады. Стример эфирде көп дүниемен айналысады. Кейде оның қандай пайдасы бар деген де ой туындайды. Олар түрлі жанрда көрермен қызығушылығын туындатады. Мәселен, ASMR форматындағы эфир, компьютерлік ойын, батлға түсу және тағысын тағы. Осы тұста «олар қалай пайда табады?» деген сұрақ келеді. Қазақстандық тиктокерлер эфирде Kaspi.kz банкі есепшотының нөмерін көрсетіп, сол арқылы ақша жинайды.

Әрине, егер қажетті дүние жасап, көрерменге көмек беретін эфир жүргізсе, мұнысы жөн болар еді. Алайда пайдасы жоғы анық білінетін тікелей эфир көбейген. Мәселен, компьютерлік ойын. Оның ішінде ең көп таралған түрі атыс ойындары және көлік айдау. Бірақ тегін ойын үшін ақша аударудың қандай қажеті бар? TikTok-тың кейбір қолданушылары мұның мәнісін түсініп алған.

Көлік ойынында (GTA) қазақша нөмер қоюға болады. Мәселен, «111 NUR 11» делік. Көрермен осы нөмермен стримердің көлік айдағанын қалайды. Ал өз ойын жүзеге асыру үшін ол стримердің есепшотына ақша аударады. Кейбір көрермен эфирдегі әнді өзгерткісі келеді. Ал мұны істеу үшін TikTok-тағы аккаунт иесіне тағы да ақша төлейді. Бұл қарапайым 100 теңгеден басталады, ал кейіннен сан мыңның үстіне шығып, көбейе береді. Көрермен стримға ақша аударып, қажетсіз дүниеге қаражатты ысырап етіп отырғанын байқамайды. Кейбір пікір білдірушілер оларға ақша аудармауын сұрайды. Орнына қаржыны қайырымдылыққа жұмсауын өтінеді. Алайда оларға назар аударып жатқан жан бар ма?

Сондай-ақ стример онлайн ойында Қазақстанның әр қаласының нөмері бар көлікті «дайындап», кейін қатарынан тізіп қойып, сол қала тұрғындарын жарыстырады. «Алматы, сендер Астанадан қаласыңдар ма? Ұту үшін мынадай ақша аударыңдар» деген секілді ойға қонымсыз аргументтермен көрерменнің «жалған» намысын оятады. Солай-ақ жап-жас көрерменді алдап отырып, күніне 500 мың теңгеге дейін ақша табады.

Тікелей эфирде сөйлеу мәдениеті де сақталмайды. Стример не айтқысы келсе, соны айтады, сөйлеу лексикасына балағат сөздерді де қосады. Тоқ етеріне келсек, оларға «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ.

Қазір рухани қызығушылықтың төмен екенін білеміз. Осындай әлеуметтік желідегі цензурасыз ойындар бұл жағдайды одан сайын ушықтыратыны белгілі. Тікелей эфирде ойын үшін танымайтын біреумен жарысып ақша аударғанша, қайырымдылыққа, сапалы контент ұсынуға басымдық бергеніміз абзал. Миллиардтаған қолданушысы бар платформада сұрыпталмаған контенттің көбеюі алаңдатарлық мәселе. Құмарлыққа пара-пар келетін бұл азартты доғару керек. Әрине, мұны естір құлақ, елейтін жан болса...

Нұршат НЫШАНОВА

«DALACRAFTS»:

САЗБАЛШЫҚТЫҢ СИҚЫРЫН СЕЗІНДІРГЕН СТУДИЯ

Қалада есте қалар ерекше сәттерді жақындарыңмен бірге өткізуге арналған орталықтар күннен-күнге көбеюде. Бұл жолы жас оқырмандарымызға ежелгі өнер түрін үйрететін «Dalacrafts» орталығын таныстыруды жөн көрдік. Ашылғанына ұзақ уақыт болмаса да, көптің көңілінен шығып үлгерген. Қала тұрғындары отбасымен, жұбымен бірге орталыққа барып, құмыра жасауды, сурет салуды әдетке айналдырған. Халқымыздың ежелден бойына біткен асыл өнер – құмыра жасауды дәріптеп жүрген «Dalacrafts» орталығы туралы бірнеше мәліметпен бөліссек.

Орталық карантин уақытында Алматыда ашылған. Қазір Қазақстанның 8 қаласында филиалы бар. Ал Қызылордадағы орталықтың тұсауы өткен жылы кесілді. Негізгі мақсаты – тек құмыра жасау ғана емес, қазақы құндылықты жұртшылық арасында насихаттау.

Студия 4 түрлі қызмет ұсынады. Оларға құмыра жасау, сурет салу, резин арт, романтикалық кеш кіреді. Аталған шеберлік сағаттарының ішінде ең ерекшесі жұптарға арналған романтикалық кеш. 2 сағатқа жоспарланған кеште жұптар сурет салып, әдемі сәтті естелікке айналдырады. Оларға арнайы фуршеттік үстел әзірленіп, романтикалық атмосфера жасалады. Алайда орталықтың негізгі бет-бейнесіне айналған құмыра жасау өнері тұтынушылар арасында көбірек танымалдыққа ие. Құмыра жасаумен балалар да, үлкендер де айналыса алады. Аталған өнер түрін үйрену үшін бірнеше қызметтің ішінен өзімізге ыңғайлысын таңдай аламыз. Мысалы 3-15 жас аралығында балаларға арналған пакет болса, одан бөлек love story түсіруге арналған жұптар пакеті, сонымен қатар 20-30 жылдық мерейтойларын өткізу үшін келген үлкен кісілерге арналған пакет те бар.

Орталықта қыс уақытында сурет салудан, құмыра жасаудан үйірме өтті. Негізгі мақсаты – балаларды ерекше өнер түрімен таныстыру. Бұл тұста құмыра жасаудың бала бойына сабырлық, мұқияттылық секілді қасиеттерді сіңіретінін де айта кеткен жөн. Құмыра жасаумен айналысқан баланың қол маторикасы дамып, soft skiils қабілеттері артады. Ми жұмысы жақсарады, зейіні ашылады. Сонымен бірге фантазиясы дамып, креативті болады, алғырлығы артып, сенімділігі күшейеді. Балалар отбасымен бірге тыныштықта уақыт өткізіп, рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Өз уақытын тиімді өткізгісі келетіндер тамақтану, ойын-сауық орталықтарына баруды емес, өздерінде естелікке қалатын құмыра жасауды дұрыс деп санайды. Ал Еуропада керамикамен 6-11 жастағы балалар мен егде адамдар айналысады. Үлкендердің жүйке жүйесі шаршағанда қол буындары арқылы миға әсер етеді. Құмыра жасап отырғанда мазалап жүрген ойлар, жиналып қалған мидағы мәселелер тыйылады. Арт терапия дейтіні сондықтан. Орталықтың тағы бір артықшылығы – мобилографтың жұмысы. Мобилограф сурет пен бейнеге тегін түсіріп, эмоция мен ерекше сәтті сыйлық етеді.

Орталықтың негізгі ерекшелігі – қала тұрғындарының өзіндік есте қалатын кеш өткізуіне ыңғайлы орын болуы. Қонақтар келгенде орталық ішінде қазақы атмосфера әр бұрыштан мен мұндалап тұрады. Олар домбыра үнімен бірге ерекше күйге бөленеді.

Елімізде керамика өнер ретінде бағаланады. Ғалымдар қазақ топырағынан шыққан қыш бұйымдар неолит кезеңінен келе жатқанын айтады. Құмыра жасау арқылы миымыз тынығады, сазбалшықтың сиқырын сезініп, рухани баюға мүмкіндік аламыз. Ата кәсіпті дәріптеуді мақсат еткен «Dalacrafts» орталығының алдағы уақытта да жетер жетістіктері мол деп сенеміз.

Айғаным ҚОҢЫРБАЙҚЫЗЫ

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Айдана ЖҰМАДИНОВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Әлия ТӘЖІБАЙ

Таралымы: 7049
Тапсырыс: 1319